

**Қазақстан Республикасы ІІМ  
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Заң институты  
Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы**

**Бекітемін  
Академия бастығының  
ғылыми жұмыс жөніндегі  
орынбасары з.ғ.к., доцент  
полиция полковнигі**

**\_\_\_\_\_ О.Т. Сейтжанов  
2019ж. «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_**

**6В12301 «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған  
ZhEMKT 1207  
«Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы» пәні бойынша  
жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS)  
СИЛЛАБУС**

Оқыту нысаны: күндізгі  
Курс: 1  
Семестр: 2  
Кредит саны: 2  
Дәріс: 8 сағ.  
Семинар: 15 сағ.  
Тәжірибелік: 7 сағ.  
КООЖ: 15 сағ.  
КӨЖ: 45 сағ.  
Емтихан: 2 семестр

**Қарағанды 2019**

**«Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы» пәні бойынша 6В12301 құқық қорғау қызметі мамандығына арналған жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS)**

**Құрастырған:** мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры Қайыржан Ермекұлы Дүйсенов

Кафедра отырысында қарастырылды  
2019 ж. «11» маусым № 20 хаттама

Мемлекеттік-құқықтық пәндер  
кафедрасының бастығы  
полиция подполковнигі

Р.Қ. Джиембаев

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ОӘК отырысында бекітілді.  
2019ж. «11» шілдедегі № 11 хаттама

© Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,  
2019ж.

## 2.1 НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

1. Шифр және мамандық атауы	6В12301 «құқық қорғау қызметі» мамандығы
2. Курс, семестр	1-курс 1-семестр бакалавриат
3. Пән циклі	ЖОО компоненті
4. Кредиттер саны	2 кредит
5. Сабақ өткізу орны	Оқу аудиториясы
6. Дәріскер	Қайржан Ермекұлы Дюсенов, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы (Ермеков көшесі, 124), байланыс телефон 30-34-16, ішкі.-211, 312
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар	Қайржан Ермекұлы Дюсенов, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы (Ермеков көшесі, 124), байланыс телефон 30-34-16, ішкі.-211, 312

### 2.2. ПРЕРЕКВИЗИТ:

Аталмыш курстың материалын игерерден бұрын курсантқа белгіленген оқу жұмысы жоспары көлемінде алатын тиісті құқықтық теоретикалық білім қажет.

Курсант құқық теориясының ұғымы мен негізгі сатысын, құқық қайнар көздерінің ұғымын олардың түрлерін, құқықтық жүйелердің түрлерін, мемлекет пен мемлекеттік органдардың сыртқы саяси қызметінің мазмұнын, әрекеттегі құқық жүйесіндегі халықаралық шарттың орнын білуі қажет.

### 2.3. ПОСТРЕКВИЗИТ:

Курсанттың аталған курсты зерделегеннен кейін алған білімі қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, әкімшілік құқық және басқалары, сондай-ақ арнайы секілді пәндерді меңгеру кезінде қолданылуы қажет.

### 2.4. ПӘНДІ ҚЫСҚАША СИПАТТАУ:

#### Пәнді оқыту мақсаты:

- курсанттар мемлекеттік - құқықтық құбылыстар туралы тарихи көзқарас дағдыларына ие болады, оларға баға беруге үйренеді;
- қоғам өмірі, мемлекет пен құқық туралы білім алады;
- тарихтық принцип, тарихи көзқарас - бұл білімге ие болудың әмбебап принципі болып табылады;
- шетелдердің мемлекеті мен құқығы тарихының маңызды фактілер комплексін меңгеруі;

- курсанттардың тарихи процесті терең түсінуі және құқықтық актілерді немесе мемлекеттік механизмнің реформаларын дұрыс аталуы, олардың себептерін, нәтижелері мен тиімділігін түсінуі.

**Пәнді оқытудың басты міндеттері:**

- курсанттардың шетелдердің мемлекеті мен құқығы тарихының ұғымы мен дәрежесін меңгеруі;

- курсанттарды әрекеттегі мемлекеттік құқықтық заңдар мен саяси процестерді дұрыс түсінуге дағдыландыру;

- ежелгі елдердің құқықтық ескерткіштерін түсіну және түсінік бере алуда дағдылар мен ептіліктерге үйрету;

- сонау Рим құқығының рецепциясының қазіргі уақытқа дейінгі құқықсабақтастығын, яғни континентальдық құқықтық жүйеде егеменді, тәуелсіз Қазақстанның құрылу заңдылықтары мен себептерін, мәнін, Қазақстан Республикасының өтпелі кезеңдегі мемлекеттік-құқықтық даму ерекшеліктерін білуге үйрету.

**Пәннің қысқаша мазмұны:**

Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы жекелеген мемлекеттердің мемлекеттік-құқықтық институттарының тарихын төрт негізгі кезеңдерін хронологиялық тұрғыда зерделейді: Ежелгі дүниенің мемлекет және құқық тарихы, Орта ғасырдағы мемлекет және құқық тарихы, Жаңа уақыттағы мемлекет және құқық тарихы, Жаңа заманғы мемлекет және құқық тарихы. Осындай кезеңдеу әлемдік өркениет дамуының негізгі төрт дәуіріне сәйкес келеді. Оның ең негізгі маңыздысы мемлекет және құқық табылады. Қазіргі уақытта мемлекеттік және қоғамдық өмірдің көптеген аясында интеграциялық процесстер күшеюде. Бұл құқықтық салаға да қатысты болады. Әлемдік қауымдастық және мемлекеттер жалпы құқықтық принциптердің аса маңыздылығын таниды және жалпы алғанда түрлі құқықтық жүйелердің жақындасуын қолдайды. Ұлттық заңнамалардың даму тәжірибесін өзаралық қолдануға және зерделеуге, құқықтық ақпарат пен ғылыми идеялармен алмасуға мүдделілік артуда. Барлық дүниежүзілік елдерінде тарихи, салыстырмалы-құқықтық, салыстырмалы-тарихи әдістерді қолдануға негізделген құқықтық зерттеулер маңызды дамуға ие болуда. Олар мемлекеттердің және құқықтық жүйелердің дамуының тарихи заңдылығын анықтауға, ағымдағы ұлттық заңнамаларды жетілдіруге мақсатты. Осы зерттеулердің маңыздылығы құқықтанудың көптеген дәстүрлі мәселелерін шешуге бағытталып қана қоймай, сонымен қатар бірқатар жаңадан мәселелер қоя алатындығымен көрінісі табады.

## 2.5. ПӘН БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУ ЖӘНЕ ТАПСЫРУ КЕСТЕСІ:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг шкалаға сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	семинар	жоспарға сәйкес	әдебиет тізімге сәйкес	ағымдағы	ауызша	семинар сабағында
2	КОӨЖ	жоспарға сәйкес	әдебиет тізімге сәйкес	ағымдағы	Ауызша, жазбаша	15 аптаға дейін
3	тәжірибелік	жоспарға сәйкес	әдебиет тізімге сәйкес	ағымдағы	Ауызша, жазбаша	15 аптаға дейін
4	КӨЖ	жоспарға сәйкес	әдебиет тізімге сәйкес	меж. бақылау	Ауызша, жазбаша тест	жоспар бойынша
5	емтихан	жоспарға сәйкес	әдебиет тізімге сәйкес	қорытынды	тест	кесте бойынша

## 2.6. КУРС САЯСАТЫ:

### *Курсанттарға қойылатын талаптар:*

- сабаққа қатысу;
- КОӨЖ және КӨЖ, рейтингтер бойынша тапсырмаларды орындау, семинар сабақтарына жүйелі түрдеу дайындалу;
- сабақтарда белсенділік таныту;
- тапсырмаларды уақытында орындау;
- пәнді, курстың жекелеген тақырыптарын зерделеуде бастамашылық таныту.

### *Жол берілмейді:*

- сабақтан кешігу және кетіп қалу;
- сабақ барысында ұялы телефонды қолдану;
- бір-бірінен әдебиет көздерінен әдеби жиендік жасау;
- сабақ барысында оқытушыға және жолдастарына бөтен сұрақтар қойып, әңгімелесіп, алаңдату;
- оқытушыға және жолдастарына дөрекілік, тұрпайылық көрсету;
- тапсырмаларды уақытында тапсырмау.

### *Баға қою саясаты:*

Пәнді оқыту өтілген барлық материалды қамтып, тест түріндегі емтиханмен аяқталады. Емтиханға рұқсатнама алу үшін міндетті талап бағдарламада қарастырылған барлық тапсырмалардың орындалуы болып табылады. Дәріс

курсының тақырыптары бойынша жоспарланған: жазба жұмыстары, КОӨЖ аясында құқық қорғау органының ең өзекті мәселелері бойынша пікірталас.

Қорытынды бағаны қою барысында балл қою ағымдағы бақылаудың нәтижелері бойынша есептеледі.

Межелік бақылау №1 (ағымдағы бақылау енеді) – 30 % 7 аптада өтеді.

Межелік бақылау №2 (ағымдағы бақылау енеді) – 30 % 15 аптада өтеді.

Емтихан – 40 %.

Ағымдық және межелік бақылаудың қорытындысы жинау қағидасы бойынша ведомоспен ұсынылады және емтиханға рұқсатнамаға негіз болып табылады.

Егер курсант межелік бақылауды тапсыру қорытындысы бойынша пән бойынша (60 %) бағаның жартысын ғана алса, емтиханға жіберілмейді.

Пән бойынша емтихан бағасы аралық аттестация және межелік бақылау бойынша үлгерім көрсеткішінің сомасы ретінде анықталады – 40 % және 100 % құрайды.

## 2.7. ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

№	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
<b>1. Нормативтік құқықтық актілер</b>		
	Еуропа Одағы мемлекеттерінің конституциясы. / Редакциясын басқарған А.А. Окуньков	М., 1999.
	ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің конституциясы	М., 1999.
	Шет елдер конституциясы: Америка құрылығы	Европа, 1998.
	Еуропаның 20 конституциясы. / Құр. Г.П. Лупарев	Алматы, 2003.
	Дүние жүзінің 16 мемлекетінің конституциясы	Алматы, 1995.
	Еуропа мемлекеттерінің конституциясы: 3-том. / Ред. бас. А.А. Окуньков	М., 2001.
	Шет мемлекеттердің конституциясы. Құр. В.В. Маклаков	М., 1996.
	Америка Құрама Штаттары: Конституция және заң актілері	М., 1994.
	Франция Республикасы: Конституция және заң актілері	М., 1989.
	ГФР: Конституция және заң актілері	М., 1981.
<b>2. Негізгі әдебиеттер</b>		
	Биекенов Н.А., Сәлкебаев Т.С., Сейдіғалиев Т.Р. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал	Қарағанды., 2005
	Сейдіғалиев Т.Р. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы	Қарағанды., 2010
	Булгакова Д.А., Истаев А.Ж. Мемлекет және	Алматы., 2008

	құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал	
	Мұхтарова А.Қ. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы	Алматы, 2005
	Шапақ Ү.Ш., Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құралы	Астана., 2005
	Түсіпбеков С.С., Искаков И.М. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Сызбалар альбомы	Қарағанды., 2015
	Сейдығалиев Т.Р., Искаков И.М. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құралы	Қарағанды., 2015
	Графский В.Г. Всеобщая история права и государства	М., 2000
	История государства и права зарубежных стран. / Под ред. О.А. Жидкова	М., 1997
	История государства и права зарубежных стран. / Под ред. П.Н. Галанзы и О.А. Жидкова, т.2	М, 1969
	История государства и права зарубежных стран (рабовладельческое и феодальное государство и право). / Под ред. П.Н. Галанзы и Б.С. Громакова	М., 1980.
	История государства и права в зарубежных стран./Под ред. О.А. Жидкова Н.А. Крашенинниковой.	ч.1 - М., 1989, ч.2 - М, 1991
	Черниловский З.М. Всеобщая история государства и права	М, 1996
	Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран	М., 1984
<b>3. Қосымша әдебиттер</b>		
	Авдеев Ю.И. Возникновение и развитие Веймарской республики	М., 1954
	Авдеева К.Д. Внутренняя колонизация и развитие феодализма в Англии в XI-XIII вв.	Л., 1973
	Авдиев В.И. История Древнего Востока	М., 1948
	Агафонова Г.А. Совет Национальной Безопасности США (1947-1960)	М., 1977
	Альперович М.С. Испанская Америка в борьбе за независимость	М., 1971
	Антюхина-Московченко В.И. История Франции	М., 1963
	Аптекер Г.А. Американская революция 1763 - 1783 гг.	М., 1952
	Аптекер Г.А. История американского народа. Колониальная эра	М., 1961
	Бабанцев Н.Ф. Становление государственно-правовой системы Германской Демократической Республики	Л., 1981
	Барг М.А. Исследования по истории английского феодализма в XI - XIII вв.	М., 1962

Барг М.А. Кромвель и его время	М., 1960
Бартошек М. Римское право: понятие, термины, определения	М., 1989
Батыр К.И. История государства и права Франции периода буржуазной революции 1789 - 1794 гг.	М., 1984
Белова Н.И. Городской строй в Римской Галии в 1 века н.э.	Свердловск, 1960
Бельсон Я.М., Ливанцев К.Е. История государства и права США	Л., 1982
Белявская И.А. Буржуазный реформизм в США	М., 1968
Белявская И.А. Франклин - деятель национально-освободительного движения американского народа. Вопросы истории	М., 1956
Беляев Е.А. Арабы, ислам и арабский халифат в раннее средневековье	М., 1965
Бенглиев С.Н. Кризис Римской демократии	Воронеж, 1955
Благож И. Формы правления и права человека в буржуазных государствах	М., 1985
Бонгард - Левин Г.М. Индия эпохе Маурьев	М., 1973
Борох Л.Н. Союз возрождения Китая	М., 1971
Буржуазные конституции на современном этапе	М., 1983
Война за независимость и образование США	М., 1976
Волков И.М. Законы вавилонского царя Хаммурапи	М., 1914
Галанза П.И. Государство и право Древнего Рима	М., 1963
Галанза П.И. Феодалное государство и право Германии	М., 1963
Галанза П.И. Феодалное государство и право Франции	М., 1963
Голубцов Е.С. Античная Греция	М., 1983
Громаков Б.С. История буржуазного государства и права в период общего кризиса капитализма	М., 1967
Громаков Б.С. История рабовладельческого государства и права (Афины и Рим)	М., 1986
Гутнова Е.В. Возникновение английского парламента	М., 1960
Гюнтер Р., Корсунский А.Р. Упадок и гибель Западной Римской империи и возникновение германских королевств	М., 1985
Дегтерев Л.М., Максименко Н.П., Соловьева М.Г. Полиция буржуазных государств	М., 1966
Дрябкин Я.С. Становление Веймарской республики	М., 1978
Естемиров З.А., Калинин Ю.В., Шупилов В.В. Современные пенитенциарные системы капиталистических государств	Рязань, 1977



Жидков О.А. Верховный суд США, право и политика	М., 1985
Жидков О.А. История государства и права стран Древнего Востока	М., 1963
Захарова М.Н. О генезисе идеи Т. Джефферсона. Вопросы истории 1948, № 3	М., 1963
Игнатенко А.В. Политическая роль армии в Риме в период Республики	М., 1973
История Древнего Востока	М., 1979
История Древнего Мира. т. 1-3	М., 1982
История Средних веков	М., 1986
История стран Азии в Средние века	М., 1970
История фашизма в Западной Европе	М., 1978
История Франции	М., 1972
Капинский С.А. Институт монарха в странах Арабского Востока	М., 1981
Кечекьян С.Ф. Государство и право Древней Греции	М., 1963
Китай: традиции и современность	М., 1976
Колесницкий Н.Ф. Исследование по истории феодального государства в Германии (IX-XII вв.)	М., 1959
Колобова К.М. К вопросу о возникновении Афинского государства	М., 1968
Комолова Н.П. Движение Сопротивления и политическая борьба в Италии 1943 - 1947 гг.	М., 1972
Конрад П.И. Япония: народ и государство	Петроград, 1923
Конституция США. /История и современность/	М., 1988
Костин П.В. Тайная полиция США (ФБР: прошлое и настоящее)	М., 1981
Костяева А.С. Тайные общества в Новейшей истории Китая. Социальные организации в Китае	М., 1981
Крашенникова М.А. Происхождение права в Древней Индии //Правоведение, № 1	М., 1977
Крылов Б.С. Полиция США	М., 1972
Лапова Р.А. Индия (рабовладельческий период)	Саратов, 1960
Лапова Р.А. История государства и права Китая	Саратов, 1960
Лисневский Э.В. История государства и права Великобритании (1870-1917)	Ростов-на-Дону, 1975
Люблинская А.Д. Франция в начале XVIII в.	Л., 1959
Люблинская А.Д. Французский абсолютизм в первой трети XVIIв.	М., 1965
Мадор Ю.П. Подъем движения в Англии	М., 1966

Манфред А.З. Великая французская революция	М., 1983
Местные органы в политической системе капитализма	М., 1986
Михневич Д.Е. Очерки истории католической реакции	М., 1953
Мишин А.А. Центральные органы власти в буржуазных государствах	М., 1972
Молчанов Н.Н. Генерал де Голль. - М., 1972	
Негай Ф.М. Образование Римского государства	Минск, 1972
Немировский А. История раннего Рима и Италии	Воронеж, 1962
Нерсесянц В.С. Политические учения Древней Греции	М., 1979
Никифорова М.А. Гражданские права и свободы в США	М., 1985
Никофоров В.Н. Восток и всемирная история	М., 1977
Никофоров В.Н. Китай в годы пробуждения Азии	М., 1982
Новейшая история стран Западной Европы и Америки	М., 1966
Новицкий И.Б. Основы римского гражданского права	М., 1972
Очерки по истории Германии с древнейших времен до 1918г.	М., 1960
Перегудов С.А. Антивоенное движение в Англии и лейбористская партия (1957 - 1968 гг.)	М., 1969
Перетерский И.С. Всеобщая история государства и права. Древний Рим	М., 1945
Пучинский В.К. Гражданский процесс США	М., 1985
Разгром японского милитаризма во второй мировой войне	М., 1986
Распад Британской империи	М., 1964
Рогожин А.И. Страхов Н.Н., Сафронова И.П. История государства и права стран Азии и Африки	Харьков, 1981.
Рыжков В.А. Конституции буржуазных и развивающихся стран	М., 1987
Савельев В.А, История римского частного права	М., 1986
Салическая правда	М., 1950
Сапрыкин Ю.М. Английская колонизация Ирландии в XVI - нач. XVII вв.	М., 1958
Сергеев В.С. История Древней Греции	М., 1949
Сидельников С.М. Аграрная политика самодержавия в период империализма	М., 1980
Сиротенко В.Т. История международных отношений в Европе в IV-VI вв.	Пермь, 1975
Современные буржуазные федерации	М., 1978
Степанова Е.А., Левнова С.З. Борьба за единую демократическую Германию в период революции	М., 1955

Страшун С.А. Конституция перемены в Восточной Европе 1989-1999 гг.	М., 1991
Тари В. Эллинистическая цивилизация	М., 1949
Татарина К.И. Очерки по истории Англии 1640 - 1815 гг.	М., 1958
Таукелев А.И., Сапаргалиев Г.С. Государственно-правовые взгляды Аль-Фараби	Алматы, 1975
Тихвинский С.Л. История Китая и современность	М., 1076
Трухановский В.Г. Новейшая история Англии	М., 1958
Филатов Г.С. Крах итальянского фашизма	М., 1973
Фомин В.Т. Фашистская Германия во второй мировой войне. Сентябрь 1939 - июнь 1941 гг.	М., 1978.
Фонер Ф.С. История Кубы и ее отношения в США. т.1-3.	М., 1963-1964
Фостер У. Очерки политической истории Америки	М., 1955
Фролов Э.Д. Греческие тираны	Л., 1972
Хайруллаев М.М. Аль-Фараби	М., 1982
Хрестоматия памятников феодального государства и права	М., 1961
Хрестоматия по истории Древнего мира под ред. Струве В. т. 1-3.	М., 1950
Хрестоматия по истории Древнего мира	М., 1956
Хрестоматия по истории Средних веков. т.1-2	М., 1961
Черниловский З.М. История рабовладельческого государства и права	М., 1959
Черниловский З.М. История феодального государства и права	М., 1960
Черняк Е.Б. Массовые движения в Англии и Ирландии в конце XVIII - XIX вв.	М., 1962
Чубанов А.В. Полиция государств в Западной Европе	М., 1989
Ширяев Б.А. Политическая борьба в США ( 1783-1801)	Л., 1981
Штамм С.Н. Судебник 1497 г.	М., 1955
Штокмар В.В. Очерки по истории Англии XVIв.	Л., 1957
Эпштейн А.Д. История Германии	М., 1961
Яйленко В.П. Греческие колонизации VII - III вв. до н.э.	М., 1982
<b>4. Ғаламтор көздері</b>	
<a href="http://www.philosophy.ru/">http://www.philosophy.ru/</a>	
<a href="http://www.humanifies.edu/">http://www.humanifies.edu/</a>	
<a href="http://www.hisf.msu.ru/">http://www.hisf.msu.ru/</a>	
<a href="http://www.historic.ru/">http:// www.historic.ru/</a>	
<a href="http://www.historyatlas.narod.ru/">http:// www.historyatlas.narod.ru/</a>	

[http://www.gumer.info/bibliotek\\_Buks/Pravo/omel/](http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/omel/)

<https://ru.wikipedia.org/>

## 2.8. ПӘН БОЙЫНША ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Тақырып	Тақырып атауы	Сағат саны	Аудиторлық сағат			КӨЖ	КӨЖ
				Дәріс	Семинар	Тәжірибелік		
<b>1 тарау. Ерте дәуірдегі мемлекет және құқық тарихы</b>								
1.	1.	Шетелдердің мемлекеті және құқығы тарихының пәні, әдістемелігі және кезеңдері	6	1	1		1	3
2.	2.	Ежелгі Шығыс елдеріндегі құлиеленуші мемлекет және құқықтың пайда болуы мен дамуы	6	1	1		1	3
3.	3.	Құлиеленуші антикалық мемлекеттердің пайда болуы және дамуы (Ежелгі Греция)	6	1	1		1	3
4.	4.	Ежелгі Римдегі мемлекет және құқық	7	1	1	1	1	3
<b>2 тарау. Орта ғасырдағы мемлекет және құқық тарихы</b>								
5.	5.	Батыс Еуропа елдеріндегі феодалдық мемлекет пен құқықтың дамуы (франк мемлекеті, Франция, Германия, Англия)	6	1	1		1	3
6.	6.	Батыс Еуропаның феодалдық құқығы	6		1	1	1	3
7.	7.	Шығыс елдеріндегі феодалдық мемлекет пен құқық	6	1	1		1	3
<b>3 тарау. Жаңа замандағы мемлекет және құқық тарихы</b>								
8.	8.	XVII ғғ. Ағылшын буржуазиялық революциясы және Англиядағы конституциялық монархияның дамуы	6		1	1	1	3
9.	9.	Ұлы Француз революциясы және Франциядағы буржуазиялық мемлекеттің пайда болуы	6		1	1	1	3

10.	10.	Германия мен Жапониядағы буржуазиялық мемлекет	6		1	1	1	3
11.	11.	АҚШ-тағы буржуазиялық мемлекеттің пайда болуы мен дамуы	6	1	1		1	3
12.	12.	Буржуазиялық құқықтың пайда болуы мен дамуы	5		1		1	3
<b>4 тарау. Қазіргі кездегі мемлекет және құқық тарихы</b>								
13.	13.	XX ғ. Шет елдердің мемлекеттік-құқықтық дамуы. (Англия, Франция, Германия)	7	1	1	1	1	3
14.	14.	Жаңа кезеңдегі АҚШ-ның мемлекеттік-құқықтық дамуы	5		1		1	3
15.	15.	Қазіргі замандағы Шығыс Еуропа және Азия мемлекеттері. Қазіргі уақыттағы құқықтағы негізгі өзгерістер	6		1	1	1	3
		<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>90</b>	<b>8</b>	<b>15</b>	<b>7</b>	<b>15</b>	<b>45</b>

## 2.9. САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

### І ТАРАУ

#### ЕРТЕ ДӘУІРДЕГІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ

#### 1-ТАҚЫРЫП

#### ШЕТЕЛДЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ ПӘНІ, ӘДІСТЕМЕЛІГІ ЖӘНЕ КЕЗЕҢДЕРІ

*Сабақтың мақсаты: Шетелдердің мемлекеті мен құқығының мемлекеті мен құқығының тарихын оқуы заң пәндерінің салаларын жақсы меңгеруге септігін тигізеді. Заңның салаларға бөлінуі бұл алдағы болған тарихи барыстың нәтижесі. Осыған байланысты курсанттарға Шетелдердің жалпы тарихының, оның ішінде мемлекеттері мен құқықтарының пайда болуын, әдісін, оның заң ғылымдары арасындағы алатын орнын жете түсіндіру болып табылады.*

**Дәріс – 1 сағат**

#### ЖОСПАР

1. Шетелдердің мемлекеті және құқығы тарихының пәні мен әдістері.
2. Шетелдердің мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері.

## ДӘРІС ТЕЗИСІ

Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы қоғамдық өмірдің әртүрлі жақтарын зерттейтін қоғамдық ғылымдардың бұр түрі болып табылады.

Барлық заңдық ғылымдарды өз пәндерінің ерекшеліктеріне байланысты бірнеше топтарға жіктеуге болады: теориялық-заңдық, тарихи-заңдық, салаалық-заңдық, қолданбалы заңдық.

Заңдық ғылымдар жүйесінде шетелдердің мемлекеті мен құқығы тарихының алатын орны ерекше. Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы мемлекет пен құқық сияқты қоғамдық құбылыстардың пайда болуы мен дамуын зерттейді.

Аталған пәнді зерттеу үшін келесідей әдістер қолданылады:

- тарихи әдіс, яғни мемлекет пен құқықтың пайда болуы және дамуы үрдісін білдіреді;

- салыстырмалы-тарихи әдіс, зерделенген тарихи фактілерді басқа да ұқсас фактілермен салыстыруға мүмкіндік береді;

- жүйелік-құрылымдық әдіс, жүйенің біртұтастығын қамтамасыз ететін ішкі байланысын және оған тән элементтер құрылымын зерттейді;

- статистикалық әдіс, тарихи үдерістің сандық жақтарын зерттеуде, зерттеу объектісіне сандық көрсеткіштер тән болған кезде қолданылады.

Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы дүниежүзілік мемлекеттілікке едәуір әсерін тигізген елдердің мемлекеті мен құқығының пайда болуын және дамуын зерттейді. Осы кезде жекелеген елдердің мемлекеті мен құқығы тарихының жалпы заңдылықтары және сонымен қатар ерекше белгілері қарастырылады. Олардың дамуын анықтаушы негізгі себепті-салдарлы байланыстары зерделенеді. Сондай-ақ аталған процестердің барлық қиыншылығы мен қарама-қайшылығын көруге мүмкіндік беретін жағдайлар көздеп қана қоймай, сонымен бірге қазіргі мемлекеттілікті терең ұғынуға, сонымен қатар келешектегі оның дамуының негізгі жақтарын талдайды.

Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы жекелеген мемлекеттердің мемлекеттік-құқықтық институттарының тарихын төрт негізгі кезеңдерін хронологиялық тұрғыда зерделейді: Ежелгі дүниенің мемлекет және құқық тарихы, орта ғасырдағы мемлекет және құқық тарихы, жаңа уақыттағы мемлекет және құқық тарихы, жаңа заманғы мемлекет және құқық тарихы. Осындай кезеңдеу әлемдік өркениет дамуының негізгі төрт дәуіріне сәйкес келеді. Оның ең негізгі маңыздысы мемлекет және құқық табылады. Қазіргі уақытта мемлекеттік және қоғамдық өмірдің көптеген аясында интеграциялық процесстер күшеюде. Бұл құқықтық салаға да қатысты болады. Әлемдік қауымдастық және мемлекеттер жалпы құқықтық принциптердің аса маңыздылығын таниды және жалпы алғанда түрлі құқықтық жүйелердің жақындасуын қолдайды. Ұлттық заңнамалардың даму тәжірибесін өзаралық қолдануға және зерделеуге, құқықтық ақпарат пен ғылыми идеялармен алмасуға мүдделілік артуда. Барлық дүниежүзілік елдерінде тарихи, салыстырмалы-құқықтық, салыстырмалы-тарихи әдістерді қолдануға негізделген құқықтық зерттеулер маңызды дамуға ие болуда. Олар мемлекеттердің және

құқықтық жүйелердің дамуының тарихи заңдылығын анықтауға, ағымдағы ұлттық заңнамаларды жетілдіруге мақсатты. Осы зерттеулердің маңыздылығы құқықтанудың көптеген дәстүрлі мәселелерін шешуге бағытталып қана қоймай, сонымен қатар бірқатар жаңадан мәселелер қоя алатындығымен көрініс табады.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-16,19,20,22,24,146,149,152.

**Семинар – 1 сағат**

### **ЖОСПАР:**

1. Шетелдердің мемлекеті және құқығы тарихының пәні мен әдістері.
2. Шетелдердің мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері.
3. Шетелдердің мемлекеті және құқығы тарихының заң пәндері жүйесіндегі орны.

**Тапсырма:** Тақырып бойынша қарастырылған әдебиеттерді пайдалана отырып жоғарыда көрсетілген семинар сұрақтарына ауызша дайындалу.

### **ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР:**

Тапсырманы орындау барысында жоғарыда көрсетілген сұрақтарға ауызша дайындалу. Сұрақтарды қарастыру барысында ғылымның пәні мен әдістері, мемлекет және құқық тарихының пән ретіндегі маңызы. Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы пәні. Шетелдер мемлекеті мен құқығы тарихы ғылымының әдістері. Диалектикалық және тарихи материализм - мемлекет пен құқық тарихының әдістемелік негізі. Нақты-тарихи, салыстырмалы-құқықтық және жүйелік әдістер мемлекет және құқықтың тарихи дамуының дүниежүзілік процесін зерделеудің арнайы әдістері ретінде. Мемлекет және құқық тарихының кезеңдері. Мемлекет және құқық жалпы тарихы курсының жүйесі. Тарихи-құқықтық ғылымның негізгі бағыттарын сынға алу.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-16,19,20,22,24,146,149,152.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** төмендегі сұрақтарды конспектілеу.

1. Шетелдердің мемлекеті және құқығы тарихының пәні мен әдістері.
2. Шетелдердің мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері.
3. Шетелдердің мемлекеті және құқығы тарихының заң пәндері жүйесіндегі орны.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Жазбаша және пікірталас түрінде.

**Әдістемелік нұсқаулар:** Несиелік технологияға сай оқу процессіндегі негізгі салмақ курсантқа жүктеледі. Дегенмен де, пәннің 1-курста қарастырылатынын ескере отырып, оларға оқытушылар тарапынан кеңес беру жеткілікті жолға қойылуға тиісті. Курсанттар берілген әдебиеттермен танысқаннан кейін, тақырып көлемінде түсініксіз мәселелер бойынша сұрақтар қойып, бірлесе талдауға қатысуы қажет. Бұл нұсқау КОӨЖ барлық көлеміне қатысты.

*Шетелдердің мемлекеті мен құқығы тарихын зерттеу әдістерін қарастыру және пәнді кезеңдерге бөлу студенттердің құқықтық білім алу барысында қолдана білу машығын және тарихи-логикалы ойлау өрісін қалыптастырумен түсіндіріледі.*

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-16,19,20,22,24,146,149,152.

**КӨЖ – 3 сағат**

### **ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР**

Мемлекет және құқық жалпы тарихы ғылымының қоғамдық және заң ғылымдары жүйесіндегі орны. Оның басқа да құқықтық пәндермен ара қатынасы, заңгерлерді даярлаудағы теориялық және тәжірибелік маңызын білу.

Терминологиялық сөздік және сызбалар құру. Аталған тақырып бойынша конспект жазу.

#### **Өзіндік бақылау материалдары**

1. Шетелдердің мемлекеті мен құқығы тарихы пәні.
2. Шетелдердің мемлекеті мен құқығы тарихы әдістері.
3. Шетелдердің мемлекеті мен құқығы тарихы кезеңдері.
4. Шетелдердің мемлекеті мен құқығы тарихының қоғаммен байланысы.
5. Шетелдердің мемлекеті мен құқығы тарихының заң ғылымдарымен байланысы.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-16,19,20,22,24,146,149,152.

### **2 ТАҚЫРЫП.**

#### **ЕЖЕЛГІ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНДЕГІ КҮЛ ИЕЛЕНУШІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ**

**Сабақтың мақсаты:** *Шетелдердің мемлекеті мен құқығының мемлекеті мен құқығының тарихын оқуы заң пәндерінің салаларын жақсы меңгеруге септігін тигізеді. Заңның салаларға бөлінуі бұл алдағы болған тарихи барыстың нәтижесі. Осыған байланысты курсанттарға Шет елдердің жалпы тарихының, оның ішінде мемлекеттері мен құқықтарының пайда болуын, әдісін, оның заң ғылымдары арасындағы алатын орнын жете түсіндіру болып табылады.*

**Дәріс – 1 сағат**

#### **ЖОСПАР:**

1. Ежелгі шығыс құлиеленуші мемлекетінің пайда болуы мен дамуының ерекшеліктері.
2. Мемлекеттік құрылымының ерекшеліктері және ежелгі шығыс құлиеленуші мемлекеттерінің дамуы.
3. Ежелгі шығыс құлиеленуші мемлекеттерінің құқықтық сипаттамасы.



## ДӘРІС ТЕЗИСІ

Ежелгі Египет типтік шығыс деспотия. Оны перғауын басқарады. Перғауындық билік Египеттік үлгідегі шығыстың тағылық түріне жатады. Египетті осындай перғауындар биледі. Ол бақылаудың қатал жолын ұстанды, салық жинады, сот қызметін басқарды және құдайлар мен адамдардың арасын байланыстырушы деп есептелді. "Сендердің берулерің үшін мен сендерге беремін" - деген қағидаға бас иіді. Халықтың бақыты, гүлденуі үшін құдайлар патшаға ұзақ өмір тіледі. Патшалар сарай құрылысын, діни салтты басқарып, абыздарды тағайындады. Әрбір діни салтты тек патша ғана өзгерте алатын. Перғауын тек патшаның мұрагері болып қалмай, ол өлгеннен кейін Осирис құдайға айналатын. Ол басына екі түсті (қызыл және ақ) бас киім киді, бұл символ Жоғарғы және Төменгі патшалықты қосып басқаратынын көрсетеді. Перғауынның қолында дін билігі де болды, ол Күн құдайдың баласы деп саналды. Перғауынның негізгі көмекшілері - лауазым иелері мен абыздар. Патшаның негізгі күшінің басы - экономикалық функция, Египетте қашаннан келе жатқан үш: қоғамдық жұмыстарды басқаратын, әскери және салық жинау ведомствалары болатын. Перғауынның жеке әскері өзіне бағынды. Олардың күшін Египет мемлекетінің пирамидалары көрсетеді, перғауынның тірісінде оның мазары салына басталғаны тарихта сирек кездеседі, бұл әдет оған көрсеткен сыйлықты және перғауынның күшін дәлелдейді. Перғауынның басқа да биліктері шексіз болатын. Ол қоғамдық жұмыстарды басқарды, жоғарғы лауазымды адамдарды тағайындады, заң шығарды, сот билігін басқарды, бейбітшілік және соғыс мәселелерін шешті, қаржы жинауды және жұмсауды басқарды. Тек оған жақын адамдар ғана аяғының ізін сүйе алатын.

Перғауынның үлкен бюрократиялық аппараты болатын, оған перғауынның сарайын, номархтарды, қоймаларды басқаратын адамдар жататын. Бірақ Египетте көп уақытқа дейін рулық қоғамның қалдықтары сақталған болатын, мысалы, ежелгі қауымдық кеңес "джаджат", "кенбет". Олар жергілікті сот, шаруа, әкімшілік қызметін атқарды, алып-сату шарттарын белгіледі, қызметкерлердің өз міндеттерін қалай орындайтынын, суландыру жүйелерін жөндеп, су пайдалану жайын бақылады. Кенбеттің қолында ерекше сот билігі болды. **Кенбет және джаджат** деген сөздер шеңбер және шаршы деген мағына береді. Қауым қызметкерлері ортаға жиналып, яғни, шеңбер құрып, күнделікті тіршілікке қажетті мәселелерін талқылайды. Кенбет азаматтық және үй іші істерін қарайды.

Перғауынның басқа да көп қызметкерлері болатын. Олардың көбін перғауынның туысқандары мен жақындары құрайтын. Әскерді басқаратын ведомство Қызыл үй деп аталды. Әскердің қалыптасуы бірнеше әдіспен байланысты: ең алдында ол жай халықтан тұратын, одан кейін маманданған армия болатын, ал ең соңғы кезеңдерде шет елдердің адамдарынан құрылды. Әскердің бір бөлімін полиция құрды.

Жергілікті басқару номархтар және салық жинаушылар.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-20,21,45,46,49,55,66,82,84,85,99,136,137,146, 148,149,150,151.

**Семинар – 1 сағат**

### **ЖОСПАР:**

1. Ежелгі шығыс елдеріндегі (Ежелгі Египет, Ежелгі Вавилон, Ежелгі Үнді, Ежелгі Қытай) ірі мемлекеттер – деспотиялардың пайда болуы.
2. Ежелгі шығыс құлиеленуші мемлекеттерінің мемлекеттік құрылысы.
3. Ежелгі шығыс құлиеленуші мемлекеттерінің құқықтық сипаттамасы.

**Тапсырма:** Тақырып бойынша қарастырылған әдебиеттерді пайдалана отырып жоғарыда көрсетілген семинар сұрақтарына ауызша дайындалу.

### **ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР:**

Осы тақырыпты оқи бастағанда ежелгі шығыс мемлекеті пайда болуының әлеуметтік-экономикалық жағдайларын, ежелгі шығыс құлиеленуші қоғамның негізгі белгілерін қарастыру керек. Қоғамдық және мемлекеттік құрылысты анықтап, жер қауымдастығының сақталуына және жеке меншіктің төмен дамуына, үйшіл сипаты бар құлдыққа, шығыс деспотиясының мемлекеттік биліктің нысаны ретіндегі ерекшеліктеріне ерекше назар аудару қажет.

Екінші сұраққа дайындалғанда курсанттар мемлекеттік биліктің нысаны ретінде шығыс деспотиясының ерекшелігін, сонымен қатар Ежелгі Египет, Ежелгі Вавилон, Ежелгі Үндістан, Ежелгі Қытай елдеріне көз жүгірте отыра, деспотиясының белгісін қарастыру қажет.

Үшінші сұраққа дайындалғанда Хаммурапи заңдары Ежелгі шығыс құлиеленуші құқықтың ерекшеліктерін белгілеуге тиісті, оның қайнар көздерін, құрылымын және жалпы сипаттамасын ашып беру керек.

Меншік және міндеттемелер туралы мәселелерді оқып зерттегенде меншік түсінігіне, меншіктің түрлеріне және меншікке ие болу әдістері мен шарт түрлеріне назар аудару керек.

Отбасы құқығын оқығанда ер адам мен әйел адамның құқықтарын, неке қию және ажырасу, мұраға ие болу шарттарын қарастыру керек. Ер адамның жағдайы мен әйел адамның құқықсыз жағдайын ерекше белгілеу керек.

Қылмыстық құқыққа қылмыспен жазалау түрлерінің ерекшеліктерін көрсету керек.

Ману заңдары – Ежелгі Үндістан мемлекеті мен құқығы туралы білімнің қайнар көзі екенін анықтау қажет. Мұнда қоғамдық құрылымның ерекшеліктері және халықтың құқықтық жағдайын, варналар жүйесін белгілеу керек. Содан кейін үнді құқығының негізгі белгілеріне сипаттама беру керек.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-20,21,45,46,49,55,66,82,84,85,99,136,137,146, 148,149,150,151.

### КОӨЖ – 1 сағат

1. Хаммурапи заңы бойынша қылмыстар мен жазалардың жүйесін зерделеу және кестені толтыру:

Қылмыстың түрлері	Жазаның түрлері

2. Ману заңы бойынша қылмыстар мен жазалардың жүйесін зерделеу және кестені толтыру:

Қылмыстың түрлері	Жазаның түрлері

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Жазбаша және курсанттардың толтырған кестесінің оқытушымен бағалануы.

**Әдістемелік нұсқау:** Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана, Хаммурапи және Ману заңдарын бойынша қылмыстар мен жазалардың жүйесін зерделей отырып кестені толтыру. Ежелгі шығыс елдеріндегі құл иеленуші мемлекеттердің заңдарын жетік білген дұрыс.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-20,21,45,46,49,55,66,82,84,85,99,136,137,146, 148,149,150,151.

### КОЖ – 3 сағат

#### ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР

1. Ежелгі Вавилонның, Ежелгі Үндінің қоғамдық құрылысына сызбалар құрау.
2. Ежелгі Вавилонның, Ежелгі Үндінің мемлекеттік құрылысына сызбалар құрау.
3. Арнайы заңдық әдебиеттерді дербес зерделеу және рефераттарды әзірлеу:
  - Хаммурапи заңдары – ежелгішығыс құқығының негізгі қайнар көзі ретінде.
  - Ежелгі Үнді қоғамдық құрылысының ерекшеліктері.
  - Ежелгі Египеттегі сот және сот процесі.

#### Өзіндік бақылау материалдары

1. Шығыс деспотиясы бұл?
2. Ертедегі Египеттің басқару нысаны.
3. Ертедегі Египеттегі алғашқы мемлекеттің құрылу уақыты?
4. Ертедегі Вавилонның басқару нысаны.
5. Ертедегі Қытайдың басқару нысаны.
6. Хаммурапи қай елдің басқарушысы болды?
7. Қандай мемлекетте қоғам кастыларға (Варна) бөлінді?
8. Хаммурапи заңдары қай елде қызмет етті?

9. Ертедегі қылмыстық құқықта талион қағидасы.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-20,21,45,46,49,55,66,82,84,85,99,136,137,146, 148,149,150,151.

### **3 ТАҚЫРЫП.**

#### **ҚҰЛИЕЛЕНУШІ АНТИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ (ЕЖЕЛГІ ГРЕЦИЯ)**

*Сабақ мақсаты: Афина мемлекетінің мемлекеттік–саяси дамуын, Эфиальта және Перикл реформаларын, Спарта мемлекеттік құрылысының ерекшеліктерін, Ежелгі гректер құқығын анықтау. Тесей, Солон және Клисфен реформаларының ерекшеліктерін анықтау.*

**Дәріс – 1 сағат**

#### **ЖОСПАР:**

1. Грек қалаларының – мемлекеттерінің (полистердің) пайда болуы мен дамуының ерекшеліктері. (Афина және Спарта).
2. Афинадағы мемлекеттің пайда болуы. Солон мен Клисфеннің реформалары.
3. Спартадағы мемлекеттік құрылыстың ерекшеліктері.

#### **ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Б.э.д. VІІІ — VІІ ғ.ғ.-да Грецияда рулық құрылым жойылып, құлиеленушілік қоғам мен мемлекет қалыптаса бастаған. Греция біртұтас мемлекет болмаған және мұнда бірдей халықтар өмір сүрмеген. Ол дербес қала — мемлекеттер — полистерден құралған. Ежелгі Грецияның құлиеленушілік қоғамына тән негізгі мемлекеттердің қатарынан Афины мен Спартаны атауға болады.

а) Спартаның мемлекеті және құқығы

Спартаның негізін қалаушы ретінде Ликург патша саналады. Спартада үстемдік құрушы класс ретінде спартиаттар — толық құқылы азаматтар саналған, олардың саны 8 мыңдай болған және тек Спартада өмір сүрген. Оларда жерге, малға және солардың жерінде жұмыс істейтін илоттарға меншік құқығы болған.

Спартиаттардың ұйымдасуы рулық сипатта болған. Барлық спартиаттар үш рулық филге бөлінген, әрбір фил — он «обаға», әрбір оба — он триакидке бөлінген. Спартада қанаушы тапқа илоттар — жауланған аумақтардың бас иген тұрғындары мен пәриектер — жеке бостандығы бар, бірақ саяси құқықтарды иеленбейтін және Спартаға төлем төлейтін тұрғындар жатқан.

Спартада мемлекеттік биліктің келесі органдары болған.

1. Халық жиналысы — апелла, ол герусияның ұсыныстарын қабылдаған немесе олардан бас тартқан.

2. Герусия — ақсақалдар кеңесі, 30 геронттан құралған, олардың ішіне екі патша — базиливстер («архагеттер») енген. бұл Спартаның мемлекеттік

құрылымының өзіндік ерекшелігі. Архагеттер герусияға бағынған және оның келісімінсіз ешбір маңызды шешімді қабылдай алмаған.

3. Эфрат — архагеттер мен герусияны бақылау функциясын жүзеге асыратын бес адамнан құрылған комиссия.

Спартадағы құқықтың негізгі қайнар көзі ретрала табылған. Бұл — Ликург патша шығарған Спартаның негізгі заңдары. Олардың ішінде ең маңыздысы — «Ликург ретрасы».

ә) Афина мемлекеті және құқығы. Афины мемлекетінің пайда болуы — б.э.д. VI ғ. аяқталған ұзақ процесс. Оның алғашқы кезеңі ретінде басивелс Тесейдің реформаларын атауға болады, ол синойкизм деп аталатын төрт тайпаның бірлестігін ұйымдастырған және Афинының еркін халқын сословиелерге бөлген: эвпатридтер — ақсүйектер, геоморлар — жер өңдеушілер, демиургтер — колөнершілер және феттер — кедейлер.

Афина мемлекетінің басты билік органдары - халық жиналысы, бесжүздіктер кеңесі, ареопаг, гелиэя, стратегтер, архонттар комиссиясы, болды. Афина мемлекетінің басты билік органы халық жиналысы - эклексия.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-21,53,55,73,76,97,117,130,136,137,145,146, 147,149-152.

**Семинар – 1 сағат**

#### **ЖОСПАР:**

1. Б.э.д. VI-V ғғ. Афина мемлекетінің мемлекеттік-саяси дамуы. Солон және Клисфен реформалары.
2. Спартаның мемлекеттік құрылысының ерекшеліктері.
3. Ежелгі гректер құқығы.

**Тапсырма:** Тақырып бойынша қарастырылған әдебиеттерді пайдалана отырып жоғарыда көрсетілген семинар сұрақтарына ауызша дайындалу.

#### **ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫС:**

Осы тақырыпты қарастыру алдында антик мемлекеттілігінің қала – мемлекет –«полис» түрінде және Афинадағы мемлекет рушыл құрылыстың ыдырауы нәтижесінде пайда болуын анықтау керек.

Екінші сұрақ бойынша курсанттар Солон және Клисфеннің (б.э.д.. У1-У ғғ.) революциялық реформаларының мазмұнын ашып беруге және оларға сай баға беруге тиісті.

Афина қоғамының одан әрі демократияландыру мәселелерін оқығанда Эфиальт пен Перикл (б.э.д. У ғ. ортасы) реформаларын мұқият түрде ашып беріп, сәйкес қорытындылар жасау кажет.

Үшінші сұрақты қарағанда Спартаның мемлекеттік құрылысының ерекшеліктерін, Геруссияның рөлін, халық жиналысын, эфорлар алқасын, халықтың әр-түрлі топтарының құқықтық жағдайын анықтап беру керек.

Ежелгі гректер құқығының мәселелерін анықтағанда афины құқығының негізгі белгілерін, қайнар көздері мен жеке құқық институттарын анықтау керек.

"Солонның реформалары туралы Плутарх", "Клисфеннің реформалары туралы Аристотель" конспектілеу қажет.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-21,53,55,73,76,97,117,130,136,137,145,146, 147,149-152.

**КОӨЖ – 1 сағат**

### **ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР**

1. Кестені құрау. Афина мемлекетінің қалыптасу кезеңі.

<b>Реформаның авторы</b>	<b>Реформаның мазмұны</b>
Тесей реформасы	
Солон реформасы	
Клисфен реформасы	

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Жазбаша және курсанттардың толтырған кестесінің оқытушымен бағалануы.

**Әдістемелік нұсқау:** Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана, Тесей, Солон, Клисфен, Эфиальта және Перикл реформаларын зерделей отырып кестені толтыру. Афина және Спарта мемлекеттерінің құқықтық және мемлекеттік құрылымын жетік білген дұрыс.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-21,53,55,73,76,97,117,130,136,137,145,146, 147,149-152.

**КОӨЖ – 3 сағат**

### **ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР**

1. ШМКТ хрестоматиясы бойынша конспектілеу керек: «Плутарх Солонның реформасы туралы», «Аристотель Клисфеннің реформасы туралы».

2. Афинаның, Спартаның мемлекеттік құрылысына сызбалар құрау.

3. Реферат әзірлеу:

Афина мемлекетінің даму ерекшелігі.

Спарта мемлекетінің даму ерекшелігі.

### **Өзіндік бақылау материалдары**

1. Афинаның мемлекеттік құрылымы.

2. Афина мемлекетіндегі реформалар қандай қайраткерлердің атымен байланысты.

3. Солон реформасы қалай аталды?

4. Спарта мемлекетінің құрылымы.

5. Спартадағы мемлекеттік органдар.

6. Спартадағы құқықтық ескеркіші.

*Ұсынылған әдебиеттер:* 11-21,53,55,73,76,97,117,130,136,137,145,146, 147,149-152.

#### **4 ТАҚЫРЫП. ЕЖЕЛГЕ РИМ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ**

*Сабақ мақсаты:* Рим құлиеленушілік мемлекетінің пайда болуы және оның дамуының негізгі кезеңдерін, Сервий Туллидің реформаларын, Рим аристократиялық республикасы мен империясының мемлекеттік механизмін, Рим империясын, Рим құқығының ерекшеліктерін анықтау.

**Дәріс – 1 сағат**

#### **ЖОСПАР:**

1. Рим құлиеленушілік мемлекетінің пайда болуы және оның дамуының негізгі кезеңдері.
2. Сервий Туллидің реформалары. Рим аристократиялық республикасы мен империясының мемлекеттік механизмі.
3. Рим құлиеленушілік құқығы, қайнар көздері, институттары.

#### **ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Рим жергілікті патриархалдық қауымға жататын. Патрицийлер ру, курия және трибаларға бөлінетін. Рим үш трибаның одағы болатын. Бір курия он рудан, триба он курияден тұратын. 3 трибаның әрқайсысы жүз рудан, ал бүкіл қауымның халқы үш жүз рудан құралады. Ру бірлестіктеріне кіретін азаматтар өз әскерлерін құратын, халық жиналысына қатынасып, қауымның алғашқы мүшелері болып саналатын. Алғашқы толық құқықты азаматтықты тек патрицийлер иеленді.

Әрбір рудың аты болды. Рудың басшысы ақсақал кеңесіне, атап айтқанда сот қызметін жүзеге асыратын санаға енді. Ең басында Рим қауымы 300 рудан тұрғандықтан, ежелгі сенат 300 сенатордан тұрды. Сенат өмірлік көсемді сайлады. Патша Сенаттың төрағасы болып, бүкіл қауым атынан құдайға құрбандық берді және "легиондарды" басқарды. Ең маңызды мәселелер курияның, рудың халық жиналысында қойылып отыратын.

Патрицийлерге қарсы плебейлер күресінің ең ірі нәтижесі рулық-тайпалық қатынастардан құл иеленушілік мемлекет құруы болды. Плебейлер-Рим аумағына көшіп келген адамдар. Олардың құқықтары шектелген болатын. Оларға патрицийлермен неке қиюға, жер сатып алуға, әскерге қатысуға болмайтын. Өздерінің жағдайларын жақсарту үшін плебейлер патрицийлермен күресті. Плебейдің жеңісі ескі рулық құрылысты өзгертті де, оның орнына мемлекет құрылды. Мұның ішінде рулық аристократия мен плебей кешікпей мүлде жойылып кетті.

**Сервий Тулий реформалары.** Б. д. д. VII ғасырда Сервий Тулий патша Римде саяси және экономикалық реформа жүргізіп, плебейлердің жағдайын

жақсартты. Ол плебейлерді халық жиналысына қатыстыратын болды. Азаматтардың куриялары және ежелгі жиналысымен қатар плебейлерді Рим жасағы қатарына да ресми жіберуге жол берген Сервий Тулийдің реформалары. Жауынгерлер центуриаттың комицияларын құрды. Жауынгерлер мүліктік белгілеріне сәйкес бес топқа бөлінетін. Байлық мөлшері аспен саналды. 1. 100000 асс, 2. 75000 асс, 3. 50000 асс, 4. 25000 асс, 5. 11000 асс. Одан кемі - пролетарийлер. Сонымен, бірінші топқа мүлігі 100 мың жез асыларға бағаланған неғұрлым ауқатты азаматтар жатқызылады. Олар толық қару-жарақтанған 18 атты және 80 жаяу әскер жүздігін беруге міндетті болды. Центуриат комицияларында дауыстар жүздіктер бойынша берілді. Бір жүздік бір дауысқа ие болды. Сұрақ қою бірінші топтың азаматтарынан басталды, олар 193-тен 98 дауысқа ие болды. Ал қалғандарының 95 қана дауысы болды. Сонымен, халықтың ең ауқатты бөлігінен тұратын бірінші топтың жүздіктеріндегі адам саны небары оншақты еді. Керісінше, соңғы топ жүздіктерінде азаматтардың саны жүзден едәуір асып, ал ақырғы центурияда 4 мыңға дейін жетті. Сонымен дұрыс шешілсе, 1 топ шешімі дұрыс және қуатты болып шығады. Олар 193 дауыстан 98 дауыс береді. Басқа топтар дауыс беруге қатыспаса да болатын, өйткені олардың дауыстарының ешқандай қажеті жоқ еді.

Сервий Тулий реформалары Рим патрицийлері арасында наразылықтар туғызды. Осыны пайдаланып Тарквиний Суперб өзінің алдындағы патшаны өлтірген. Бірақ біраз уақыт өткен соң өзінің зорлығымен және қаталдығымен Тарквиний жалпы жұрттың наразылығына ұшырады. Б. д. дейінгі 510 жылы Рим халқы патшаға қарсы көтеріліп, оны Рим жерінен қуып шығарды. Ең кедей азаматтар ақырғы центурияға біріктірілді. Бұл "пролес" яғни "балаларынан, тұқымдарынан басқа ештеңесі жоқ адамдар" еді. Оларды әскери қызметке жібермеді. Сервий Тулийдің жүргізген реформасы Римнің әскерін күшейтіп, плебейлер мен патрицийлердің құқығын теңдеді. Реформадан кейін патрицийлер бәрі жоғарғы биліктегі міндеттерді өздері иеленді және жер алу құқығын сақтап қалды. Плебейлер мен патрицийлердің өзара қатысы мұнымен шектелген жоқ. Сырттай ескі трибаларға бөлуді сақтай отырып, Сервий Тулий трибаларды ежелгі ру одағынан аумақтық бөлініске айналдырды. Ол бұрын әкімшілік округтарда ғана болған 4 аумақтық трибалар құрды. Кейін осындай трибалардың саны біртіндеп өсіп, б. д. дейінгі 1 ғасырда 35-ке дейін жетті.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-21,53,55,73,76,97,117,130,136,137,145,146, 147,149-152.

**Семинар – 1 сағат**

### **ЖОСПАР:**

1. Рим мемлекетінің пайда болуы мен оның дамуының негізгі кезеңдері.
2. Империя кезеңіндегі мемлекеттік құрылыстың ерекшеліктері.
3. Рим құқығының дамуының негізгі кезеңдері және оның эволюциясы.

Қайнар көздері.



**Тапсырма:** Тақырып бойынша қарастырылған әдебиеттерді пайдалана отырып жоғарыда көрсетілген семинар сұрақтарына ауызша дайындалу.

### ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫС:

Рим мемлекетінің тарихы республикадан империяға өтті. Римнің осы даму кезеңін қарастыра отыра, Сервий Тулидің реформасынан бастау қажет – рим мемлекетінің құрылуының бастапқы кезеңі. Рим республикасының орталық органы – Сенат, халық жиналысы, магистратура және мемлекеттік құрылысын ашу қажет. Рим республикасының құлауы Пуникалық соғыстан, Гракхтар ағайындарының реформаларынан және Марияның әскери реформасынан басталады. Кейінгі Сулланың диктатурасы империяға өтудің бірден-бір бастаушысы болып табылды.

Екінші сұраққа жауап бере отыра, рим империясының екі кезеңін ашыңыз: принципат және доминат. Диоклетиан мен Константин реформаларына аса назар аудару қажет.

Рим құқығы оның дамуының мәселелері тарихшылар және заңгерлер көп буындарын ерекше қызықтыратын тақырып. Құлиеленуші қоғамының құқықтық жүйелер арасында Ежелгі Рим құқығының маңызы өте зор болып табылады.

Рим құқығының дамуының үш кезеңін қарастыра отыра, Ежелгі Римдегі құқықтың пайда болу себептерін, оның мәнін түсіну қажет. Рим құқығының қайнар көздері туралы мәселелерді анықтау маңызды болып табылады.

Үшінші сұрақ бойынша рим құқығының негізгі институттарын, оның жеке және көпшілік түрлеріне бөлінуін меңгеру керек, терең түсінуге рим құқығының мынадай институттары жатады: зат құқығы (затқа иелік жасау, меншік құқығы, сервитуттар, меншікке ие болу әдістері), отбасылық құқығы (некенің түрлері, неке қию және ажырасу шарттары, ер адам және әйел адамның құқықтары, мұрагерлікке ие болу құқығы). 12 кесте заңдарына ерекше назар аудару керек. Сол заңдар негізінде қылмыс және жаза түрлерін анықтау керек. Гай институцияларын зерттеп оқу (8-11, 1, 14а, 14б, 69, 99 баптары) керек. Сот жүргізу процесін қарастырғанда легисакциялық және экстарординарлық процестердің мазмұнын айқындап беру керек.

«XII кесте заңдарын», «Гай институциясын» қысқаша конспектiлеу қажет.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-21,53,55,73,76,97,117,130,136,137,145,146, 147,149-152.

### КОӨЖ – 1 сағат

1. Гайдың институцияларын зерделеу және конспектiлеу керек: 8-11 баптары, 14а, 14б, 69, 99

2. Рим құқығы бойынша некенің түрін зерделеу және кестені толтыру:

	қум Ману некесі	сине Ману некесі
Отағасының құқықтары (күйеуі)		
Әйелдің құқығы		

Баланың құқығы		
Отағасының міндеттері (күйеуі)		
Әйелдің міндеттері		
Баланың міндеттері		

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Жазбаша және курсанттардың толтырған кестесінің оқытушымен бағалануы.

**Әдістемелік нұсқау:** Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана кум Ману некесі және сине Ману некесін зерделеу. Отбасы өміріндегі күйеуінің құқықтары мен міндеттерін ашып жазу.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-21,53,55,73,76,97,117,130,136,137,145,146, 147,149-152.

**Тәжірибелік – 1 сағат**

Мульти-медия жабдықтарын қолданып – «Ежелгі Рим тарихы: құрулыунан құлдырауына дейін» деректі фильмнің үзінділерін қарау және оны талқылау.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-21,53,55,73,76,97,117,130,136,137,145,146, 147,149-152.

**КӨЖ – 3 сағат**

### **ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР**

**Конспект жазуға арналған тақырыптар:**

1. Патрициялар мен плебейлердің күресі.
2. Қазіргі құқықтық жүйенің қалыптасуына рим құқығының маңызы.
3. Рим құқығының даму кезеңі.

### **Өзіндік бақылау материалдары**

1. Римдегі мемлекеттің қалыптасуы және республиканың бекітілуі.
2. Сервия Туллийдің реформасы.
3. Республикалық Римнің қоғамдық-саяси құрылысы.
4. Республикалық басқару формасының құлауы.
5. Әскери диктатуралар және жеке билік режимі.
6. Принципат және доминаттық монархиялық басқару формасын бекіту.
7. Императорлар Диоклетиан және Константиннің реформалары.
8. Рим империясының құлдырауы және дағдарыс.
9. Рим құқығының негізгі даму кезеңдері.
10. Құқық қайнар көздері және жүйесі.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-21,53,55,73,76,97,117,130,136,137,145,146, 147,149-152.

**II ТАРАУ**  
**ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ**  
**5 ТАҚЫРЫП**  
**БАТЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІНДЕГІ ФЕОДАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТ ПЕН**  
**ҚҰҚЫҚТЫҢ ДАМУЫ (ФРАНК МЕМЛЕКЕТІ, ФРАНЦИЯ, ГЕРМАНИЯ,**  
**АНГЛИЯ)**

*Сабақ мақсаты: феодалдық мемлекеттердің пайда болуы мен дамуының жалпы заңдылықтарын, Батыс Еуропа елдеріндегі феодалдық мемлекет дамуының кезеңдерін зерделеп, франктер империясының, Францияның, Англияның, Германияның құқықтық даму сатыларын салыстыра отырып, жалпы феодалдық құқық және оның ерекшеліктерін анықтау.*

**Дәріс – 1 сағат**

**ЖОСПАР:**

1. Феодалдық мемлекеттің пайда болуы мен дамуының жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктері.
2. Батыс Еуропа елдеріндегі феодалдық мемлекет дамуының кезеңдері мен ерекшеліктері:
  - Франктер империясының;
  - Францияның;
  - Англияның;
  - Германияның.

**ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Франктерде мемлекеттің пайда болуының ерекшеліктері.

Рим империясы Еуропаның ескі мемлекеттеріне жататын, онымен қатар күшті жаңа мемлекеттер пайда болды. Жаңа халықтар бір - біріне ұқсамайды, олардың құрылысы тайпаларға ұқсайды. Олар бір-бірімен жиі соғысатын. Парсылардың және римдердің империялары ыдырап, әлсіресе, дала тайпалары күшейіп, өрлеудің жаңа кезеңдеріне аяқ басты. Бұл тайпалар: хұн, аландар, дала көшпенділері Батыс Еуропаға жылжыды. Еуропада герман тайпалары: франктер, лангобардтар, вандалдар, вестготтар және остготтар туған жерлерін қалдырып, басқа жаққа қоныс ауыстыра бастады. Олар Рим империясының Рейн және Дунай өзендерінің арғы жағалауындағы жерлеріне қызығып жүретін. Герман тайпалары бұл жерлерге бұрын да шабуыл жасаған болатын. Бірақ шығыс тайпалары қыса бастағаннан кейін, олардың белсенділігі күшейді. Герман тайпалары бұрыннан Рим империясының шекарасын қорғайтын әскерлерде қызмет атқаратын, бірақ бірсыпыра уақыт өткеннен кейін Рим императорлары герман халқынан шыққан әскерлерсіз өз жерлерінің шекарасын қорғай алмайтынын түсінді. Германдардан құрылған әскерге толық сенуге болмайтын. Оларды басқарған бастықтары өздерін Рим императоры ретінде мәлімдеп, азаматтық соғыс ашатын болды. Рим азаматтары әскерге қызмет істегісі келген жоқ.

Рим халықтары герман тайпаларының бәрін "варвар" жабайы деп атайтын. Бұл сөз гректерден рим халықтарына көшті, олар римдіктерден басқаның бәрін "варвар" деп атады. Варварлар Рим империясын солтүстік шекарасы жағынан, франктер Рейн өзені жағынан, готтар, аландар және хұндар Дунай өзені жағынан қыспаққа алды. Бұл тайпалар бір-біріне ұқсас болмаса да, оларды біріктіретін жалпы бір ортақ нышан - бәрінің атты әскерлері болды. Туғаннан ат құлағында ойнайтын олар өмірлерінің жартысын ат үстінде өткізетін. Рим империясының әскері көбіне ауыр қаруланған легионерлерден тұратын. Бірақ 378 жылдан бастап гот пен хұндардан жеңілгеннен кейін, өз әскерлеріне өзгеріс енгізді. Оларда да атты әскер құрылды. Рим қоғамы екіге бөлінді: бір жағынан әскери адамдар, екінші жағынан әскерге қатыспайтын азаматтар. Варварлар олай бөлінген жоқ. Олардың бүкіл ер адамдары әскерге қатысатын. Көсемдердің де және басқа белгілі адамдардың да жеке сарбаздары болатын. Бастық оларды қаруландырды, асырады және басқарды. Варварлар жауынгер болды. Олар көшпелі өмірді қалады, сол үшін де жаңа табыс, жер мен жайлау іздестіруге мәжбүр еді. Ақылды көршілерінен соғыстың жаңа әдістерін жылдам ұғып үйренетін. Сондықтан олар Рим империясын жеңіп, тізе бүктірді. Рим империясының шекаралары 410 жылдан бастап бұзыла бастады. Италияны вестготтар, Галлияны вандалдар мен аландар басып алды. Төменгі Рейн жағалауында жүз жылдан астам уақыттан бері франктер тұрып жатты. Солтүстік Африканы вандалдар тайпалары басып алды. Сонымен Рим империясы шегірен былғарысы сияқты қусырыла берді. 455 жылы Африкалық вандалдар Рим қаласын талап, өздеріне бағындырды, Италияны олар Рим императорына қалдырды, оның әскерлері франктерден тұратын. 476 жылы Одоакр-герман әскери бастығы Ромул Августул - соңғы Рим императорын тақтан қуды да, мемлекет билігін өз қолына алды. Алайда оның қолына тигені Рим империясының қанқасы ғана болатын. Ондаған ғасырлар бойы Рим бүкіл дүние жүзінің біраз елдеріне билік жүргізді. Ал енді оның дәуірі аяқталды. Ескі дүниенің күндері санаулы еді. Сонымен қатар жаңа дүние туды. Олар қазіргі Еуропа мемлекеттерінің негізін қалады. Сондықтан 476 жылды тарихшылар жаңа кезеңнің, жаңа дәуірдің басы деп санайды. Ежелгі мемлекеттердің орнына орта ғасырлар мемлекеттері келе бастады. Римді басып алған тайпалар Еуропа жерінде жаңа мемлекеттердің, яғни қазіргі Еуропаның негізін құрды. Рим империясының қанқасынан пайда болған Франк мемлекеті ерте-феодаддық Еуропаның ең ірі мемлекеттерінің бірі деп саналды. Ол дамуының ең жоғары шегінде қазіргі Франция, Бельгия, Люксембург, Нидерланд мемлекеттерінің кейбір аудандарын, ГФР, Италия және Испанияның жерлерін біріктірді. Демек, Франк мемлекетінің 400 жылдық тарихы қазіргі Еуропа мемлекеттер көшінің басы деп санауға болады. Франк мемлекетінің пайда болу процесінің өзіндік ерекшеліктері көп. Галлия - Римнің ең бай провинциясы. Біздің дәуірдің бас кезіндегі V ғасырда ол өте терең дағдарысқа ұшырады. Құлдар, колондар, шаруалар, қаланың кедейлері көтеріліп, өздерінің жаулары германдық тайпалармен тізе қосып, билеуші таптарға қарсы шықты. Сондықтан Галлияның көп жерлері вестготтар, франктар,

бургундтердің арасында өзара бөліске түсті. Герман тайпаларының ең күштісі - салистік франктар еді. Олар небәрі жиырма жылдай ғана уақытта мемлекеттің көп жерлерін бағындырып, басып алды.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-19,21-24,26,30,34,51,52,57,71,75,86,103,113, 121,132-134,138,139, 142-144,146-149,151,152.

**Семинар – 1 сағат**

### **ЖОСПАР:**

1. Франк империясының (5-9ғғ.) мемлекеттік құрылысы мен пайда болуының ерекшеліктері.
2. Карл Мартелдің реформасы. Франктердің мемлекеттік құрылысы.
3. Франция (9-17 ғғ.), Англия (9-17 ғғ.), Германиядағы (10-18 ғғ.) феодалдық мемлекеттердің пайда болуы мен дамуы.

**Тапсырма:** Тақырып бойынша қарастырылған әдебиеттерді пайдалана отырып жоғарыда көрсетілген семинар сұрақтарына ауызша дайындалу.

### **ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫС:**

Осы тақырыпты оқығанда феодалдық мемлекеттің пайда болуын жалпы түрде меңгеру керек, содан кейін германдықтарда мемлекеттің пайда болуының ерекшеліктерін атап көрсету керек. Феодалдық қатынастардың, феодализмнің ерекше белгілерін, франктердің ертефеодалдық мемлекеті дамуының кезеңдерін ашып беру керек. Карл Мартелл реформаларының мәнін көрсету керек. Аллод, бенефиций, прекарий, коммендация, феодал ұғымдарына түсінік беру қажет.

Тарихи даму үрдісіндегі Франциядағы феодалдық мемлекеттің мазмұнды сипатын анықтау қажет (саяси орталықтандыру, орталықтандырудың бастауы, 9 Людовиктің реформалары, Бас штаттар, абсолюттік монархияның орнауы).

Англиядағы феодалдық мемлекет. Ертефеодалдық англосаксон мемлекеттерінің пайда болуын, нормандық жаулап алу және оның ағылшын мемлекеті дамуына тигізген әсерін ашып беру керек. II Генрих реформалары, 1215 ж. Еркіндіктердің Ұлы Хартиясы, Парламентінің құрылуы. Ағылшын абсолютизмінің ерекшеліктері.

Германиядағы ортағасырлық феодалдық мемлекетті қарастырыңыздар. Германия феодалдық мемлекеті дамуының ерекшеліктерін ашып беру керек, саяси бағыттардың бекітілуі. Алтын Булла (1356 ж.). Германиядағы сословиелік-өкілдік пен абсолюттік монархия және оның ерекшеліктері. Рейхстаг және ландтагтар.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-19,21-24,26,30,34,51,52,57,71,75,86,103,113, 121,132-134,138,139, 142-144,146-149,151,152.

**КОӨЖ – 1 сағат**

1. Зерделеу және сызбалар құрастыру:
  - а) Франктердің мемлекеттік құрылысына сызбалар құрау және зерделеу.
  - б) Францияның мемлекеттік құрылысына сызбалар құрау және зерделеу.
  - в) Англияның мемлекеттік құрылысына сызбалар құрау және зерделеу.

г) Германияның мемлекеттік құрылысына сызбалар құрау және зерделеу.

**КООЖ өткізу нысаны:** Тақырыпта көрсетілген мемлекеттердің қоғамдық және мемлекеттік құрылысы бойынша схемаларды қорғау. Пікірталас өткізу. Оқытушыдан түсінбеген сұрақтар бойынша кеңес алу.

**Әдістемелік нұсқау:** Берілген сұрақтар бойынша ұсынылған оқулықтар арқылы дайындалып, сұрақ түсініксіз болса оқытушымен қосылып талқылау керек. Тақырып бойынша берілген елдердің мемлекеттік құрылысын мұқият қарастыра отырып, тарихи даму кезеңдеріне сай мемлекеттік басқару және жергілікті басқару органдар схемасын құру қажет.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-19,21-24,26,30,34,51,52,57,71,75,86,103,113, 121,132-134,138,139, 142-144,146-149,151,152.

**КӨЖ – 3 сағат**

### **ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР**

Рефераттар әзірлеу:

- Батыс Еуропадағы ортағасырлық қалалар – мемлекеттер.
- 1215 ж. Еркіндіктің Ұлы Хартиясын конспектiлеу керек.
- Франциядағы (9-17 ғғ.) феодалдық мемлекет.
- Англиядағы (9-17 ғғ.) феодалдық мемлекет дамуының ерекшелiктерi.
- Германиядағы феодалдық мемлекеттің дамуы. Герман ұлтының (10-18 ғғ.) қасиетті рим империясы.

### **Өзіндік бақылау материалдары**

1. Феодалдық мемлекеттердің даму кезеңдері.
2. Бенефиция – бұл?
3. Франк мемлекетіндегі жерді өмір бойы шартты түрде ұстау қалай аталды?
4. «Глосс» - бұл?
5. Қандай мемлекетте мемлекеттік құрылым органы король, Королдік курия, Шахматтық тақта палатасы қызмет жасайды?
6. Франктер мемлекетіндегі «Варварлық шындық» .
7. «Салистік шындықтың» шыққан уақыты -
8. Аллод – бұл?
9. Салистік шындық бойынша неке қиюға кедергілер:

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-19,21-24,26,30,34,51,52,57,71,75,86,103,113, 121,132-134,138,139, 142-144,146-149,151,152.

## 6 ТАҚЫРЫП БАТЫС ЕУРОПАНЫҢ ФЕОДАЛДЫҚ ҚҰҚЫҒЫ

Семинар – 1 сағат

### ЖОСПАР:

1. Феодалдық құқықтың жалпы мазмұны. Құқықтың қайнар көздері.
2. Кононикалық құқық. Рим құқығының рецепциясы. Жалпы құқық.
3. Англиядағы қанды заңдар.
4. 1532 ж. Каролина заңындағы қылмыс пен жаза сот және сот процесі.

*Тапсырма:* Тақырып бойынша қарастырылған әдебиеттерді пайдалана отырып жоғарыда көрсетілген семинар сұрақтарына ауызша дайындалу.

### ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫС:

Бірінші сұрақта феодалдық құқықтың негізгі белгілерін көрсету керек. Бұл жер қатынастарды реттейтін және әр-түрлі сословиелердің теңдік еместігін бекітетін нормалар, артықшылық құқығы. Құқықтық партикуляризмі.

Екінші сұрақ – бұл шіркеу шығарған каноникалық құқық, осы құқықты реттейтін қатынастар, қайнар көздері, жазалау және құқық бұзушылық жүйесі, рим құқығының нормаларын алып бейімдеу – рецепция, және ортағасырлық Англияның «Жалпы құқығының» ерекшеліктерін ашып беру қажет.

Ерте феодалдық құқықтың ескерткіші «Салистік правда» маңызын, құрылымын қайнар көздерін ашып беру керек. Ерекше көңіл бөлетін жай қылмыс және жауаптылық. Соттық процеске келгенде дәлелдемелердің түрлерін ашу керек.

Қылмыс пен жазалау жүйесіне ерекше назар аудару керек. Сот процесін қарастырып, сот сипаты мен дәлелдеу түрлеріне назар аудару керек.

Англияның қандық заңдарын ашып қарастыру керек. Заңдардың таптық бағытын, олардың пайда болу себептерін анықтау қажет.

«Каролина» үлгісінде феодалдық құқығының дамуын ашып беру, оған жалпы сипаттама беру керек. Жазалау жүйесін жеңілдететін және ауырлататын кінәнің белгілерін және сот пен сот процесін қарастырыңыздар.

*Ұсынылған әдебиеттер:* 4,6,9-24,26,30,34,51,52,57,71,75,86,103,113,121, 134,138,139,142-144,146-149,151,152.

КОӨЖ – 1 сағат

1. Салистік шындықты зерделеу және кестені толтыру:

Қылмыстың түрлері	Жазаның түрлері

2. 1532ж. Каролинаны зерделеу, кестені құру:

Қылмыстың түрлері	Жазаның түрлері

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Жазбаша және курсанттардың толтырған кестесінің оқытушымен бағалануы.

**Әдістемелік нұсқау:** Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана, Салистік шындықты және Каролина заңдарын бойынша қылмыстар мен жазалардың жүйесін зерделей отырып кестені толтыру. Батыс Еуропа елдерінің феодалдық құқығын жетік білген дұрыс.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 4,6,9-24,26,30,34,51,52,57,71,75,86,103,113,121, 134,138,139,142-144,146-149,151,152.

**Тәжірибелік – 1 сағат**

**Іскерлік ойын "Іскерлік футбол"**

**Іскерлік ойын сценарі:**

Ойынды бастамастан бұрын төрешілер бригадасын және топтардың құрамаларын белгілеу керек. Төрешілер бригадасы басты төрешіден және екі қосымша төрешіден құралады. Басты төреші қызметін оқытушы өзі атқарады және қосымша екі төрешіні тағайындайды. Ал топтардың құрамаларын белгілеу келесідей екі негізде жүзеге асырылады:

1. Взвод командирі және командир орынбасары іскерлік ойын барысында жаттықтырушы қызметін атқарады. Жаттықтырушылар өзара келісім арқылы кезек-кезек курсанттардан құрамаларын таңдай бастайды;

2. Екінші жағдайда құрамаларды анықтау жеңілірек. Взводта қанша қатар болса команда саны да сонша болады. Бұл жағдайда керісінше команда бірігіп өздерінің ішінен жаттықтырушыны таңдайды.

Команда құрамалары белгіленгеннен кейін жаттықтырушы әрқайсысы өздеріне ат таңдайды, мысалы "Қайрат", "Тұлпар" және сол сияқты.

Іскерлік ойын басталар алдында жаттықтырушылар команда ойыншыларының рөлдерін бөледі. Негізгі құрам екі шабуылшыдан, екі қорғаушыдан және қақпашыдан құралады, ойын барысында бес рет ойыншы ауыстыруға болады. Шабуылшылардың мақсаты тақырып бойынша сауатты сұрақ қою арқылы гол соғу, ал қорғаушылар мен қақпашының мақсаты қарсы команда шабуылшыларының сұрақтарына жауап беріп қақпаға төнген қауыпты тойтару. Кез-келген сұраққа жауап беру уақыты 20 секунд. Іскерлік ойын барысында төрешілердің мақсаты:

1. Бас төреші - қойылған сұрақтардың сауатты, орынды және тақырыпқа сай болуын қадағалау. Сұрақ дұрыс қойылмаған жағдайда (шабуылшыны гол соғу мүмкіндігінен айыру) оны есептемеу;



2. Екінші төреші - сұрақ қойылған сәттен бастап 20 секунд уақытты өлшеу және басқа жақтан көмек берілмеуін қадағалау. Басқа жақтан көмек берілген жағдайда автоматты түрде қойылған сұрақты гол деп есептеу;

3. Үшінші төреші - статистикалық мәліметтерді жазып отырады, мыслы кім қанша гол салды және кім қанша гол қайтарды.

Искерлік ойын келесідей басталады. Бас төреші және команда жаттықтырушылары ортаға шығып футболдағыдай тиін тастау арқылы ойында кім бастайтындығын анықтайды. Допты иеленген топ (ойынды бастайтын) өзінің шабуылшыларын шығарады, ал қарсы команда қорғаушыларын және қақпашысын шығарады. Төрешінің ысқырығы шалынады бірінші оң жақ шабуылшы өз сұрағын қарсы команданың сол жақ қорғаушысына қояды. Сұраққа жауап 20 секунд ішінде берілмесе, сұрақ автоматты түрде келесі оң жақ қорғаушыға қойылады ол да жауап бере алмаса сұрақ қақпашыға қойылады, қақпашы дұрыс жауап бере алмаса гол есептеледі. Сол сияқты келесі шабуылшы өз сұрағын қояды. Бір шабуыл барысында шабуылдаушы команда екі гол сала алады. Ойын әр команданың бес шабуылынан кейін аяқталады. Есеп тең болған жағдайда қосымша тайм басталады, әр команда қосымша тағы бір-бір шабуылдан өткізеді, қосымша таймнан соң есеп әліде тең болса, ойыннан кейінгі пенальти орын алады. Пенальтиде әр команданың шабуылшылары кезек-кезек тікелей қақпашыға сұрақ қояды. Пенальти бірінші қателікке дейін жалғасады.

Искерлік ойын аяқалған соң, қорытынды жүргізіледі, жеңген команда ойыншыларына жақсы және өте жақсы деген баға қойылады. Үшінші төрешінің нәтижелерін тыңдап ең көп гол соққан ойыншыға және ең көп гол қайтарған қорғаушы мен қақпашыға өте жақсы бағасы қойылады.

*Тәжірибелік сабақ өткізу нысаны: Искерлік ойын. Ауызша сұрақ-жауап және пікірталас ретінде.*

**КӨЖ – 3 сағат**

### **ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР**

1. Салистік шындықты зерделеу.
2. 1532ж. Каролинаны зерделеу.
3. Англияның «қанды заңдар» мәтінін зерделеу.
4. Рефераттар әзірлеу:
  - Саксондық зерцало – герман құқығының ескерткіші
  - Сот және католик шіркеуі.
  - V Карлдің қылмыстық-сот (уложение) жарғысы.
  - Батыс Еуропа феодалдық құқығының қайнар көздері.

### **Өзіндік бақылау материалдары**

1. «Салистік шындықтың» шыққан уақыты ?

2. Салистік шындық бойынша неке қиюға кедергілер.
3. Салистік Шындық бойынша жазалаудың негізгі мақсаты .
4. «Саксондық айна» қай елде қызмет жасады?
5. Салистік шындық бойынша қылмыс - бұл ?
6. 1532ж. Каролина бойынша мемлекеттік қылмыстар.
7. Канондық құқық қандай мәселелерді реттеді?
8. «Швабтық айна» қай елде қызмет етті?

**Ұсынылған әдебиеттер:** 4,6,9-24,26,30,34,51,52,57,71,75,86,103,113,121, 134,138,139,142-144,146-149,151,152.

## **7 ТАҚЫРЫП**

### **ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНДЕГІ ФЕОДАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚ**

**Сабақ мақсаты:** *Араб халифатының дамуы мен пайда болуы. Мұсылман құқығының даму ерекшеліктерін анықтап курсанттарға түсіндіру.*

**Дәріс – 1 сағат**

#### **ЖОСПАР:**

1. Ежелгі шығыс елдеріндегі феодалдық мемлекеттің даму ерекшеліктері.
2. Араб халифатының дамуы мен пайда болуы.
3. Мұсылман құқығының даму ерекшеліктері.

#### **ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Араб халифаты мемлекеті және оның құқығының тарихын оқып үйрену маңызды. Мұсылман құқығының принциптері бүгінгі саяси өмірде кеңінен қолданылады. Кейде ислам қағидалары догмаға да айналып кетуі мүмкін. Мұсылман құқығы кеңінен тарап, тұрақтап қалған мұндай елдерге: Марокко, Тунис, Сирия, Мавритания, Иран, Пәкістан, Ирак т. б. жатады.

Қоғамдық өмірдегі жалғыз ғана реттеуші заң ретінде шарифатты ұзақ мерзімге орнықтыруға бірнеше себептер ықпал жасады. Шығыс елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға көптеген ғасырлар бойы ислам діні жетекшілік етті және оның батыс діндерден елеулі айырмашылығы болды. Феодализм дәуірінен бері қарай ислам діні мындаған жылдар бойы қоғамдық қозғалысқа мұрындық болды. Айтарлықтай маңызды орын алатын жағдайдың бірі – мешіт ұзақ уақыт бойы діни орын ретінде қызмет етті. Онымен қатар шарифаттың тірегін әрқашанда адатпен байланыстырған жөн, халықтың күнделікті тұтынатын ислам қағидалары діни құқық болып қалыптасқан.

Арабтар жаулап алу кезіндегі шарифат шарттары құқық ретінде Египет, Сирия, Месопотамия, Кавказ бен Орта Азия елдерінде қабылданған. Адат шарифаттың, шарифат адаттың сақталуына мүмкіндік туғызып отырған. Ұзақ уақыт бойы ақсүйектер мен діни үкімет бір адамның (халифтың, сұлтанның, әмірдің)

қолында болып келді. Бұл жағдай сапасы жағынан алғанда шарифат қолданыстағы бірден бір заң ретінде мұсылмандардың қоғамдық өмірдегі құқына байсалды түрде әсер етіп отырды. Ол тіпті капиталистік қарым-қатынас пен тәртіптің орнауына айтулы ықпал етті. Бірақ буржуазиялық қарым-қатынастардың дамуы шарифат монополиясын бұзды.

Осы күндері мұсылман елдерінің көпшілігінде мемлекеттік ақсүйектер ұйымдары құрылған, бірақ олар діни соттарды сақтайды. Шарифат сотының сақталуы дін иелерінің саясатқа, халықтың азаматтық құқығына араласуына кең жол ашты. Бұндай жағдай қоғамдық-философиялық ойдың дамуына, өмірге материалистік тұрғыдан қарауға кедергі жасады. Көзқарастары демократиялық тұрғыда қалыптасқан адамдар да дін иелерінің қудалауына түспес үшін өздерінің пікірлерін ислам діні қағидаларымен тиянақтап отыруларына тура келді. Ислам мен шарифат осы күнге дейін Азия мен Африка мемлекеттерінде өзінің үлкен ықпалын жүргізуі, кейбір жағдайларда елдердің дамуына кері әсерін де тигізді.

Көбіне ислам дінінің прогрессивті рөлі де болатынын ескеру керек. Мысалы, 1978-1979 жылғы Иран төңкерісінде Иран дін иелері төңкерісті басқарды. Шах өзінің мемлекетті басқарған соңғы жылдарында дін иелерінің үстінен бақылау қоюға тырысты. Бұл, әрине, дінге сенуші халықтың қобалжуын, наразылығын туғызды. Бұл кездерде мешіт бұқара халыққа әсерін тигізе алатын және Иранда қалың жұртшылықта ежелден келе жатқан байланысы бар ұйымдасқан ресми күш еді.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-17,24,42,62,66,67,69,72,74,78,85,99,100,122, 123,131,133,146-152.

**Семинар – 1 сағат**

#### **ЖОСПАР:**

1. Мұсылман құқығының қайнар көздері және жүйелері. Құран, Сунна, Фетва, Иджма.
2. Мұсылман құқығы бойынша отбасы және меншік қатынасының ерекшеліктері.
3. Мұсылман құқығы бойынша қылмыс пен жаза.

**Тапсырма:** Тақырып бойынша қарастырылған әдебиеттерді пайдалана отырып жоғарыда көрсетілген семинар сұрақтарына ауызша дайындалу.

#### **ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫС:**

Осы семинарға дайындалғанда феодалдық құқықтың өзгешелік белгілерін ашып, мұсылман құқығының шарифаттың ерекше белгілерін атап және оның дінмен байланысын көрсету керек.

Екінші сұрақты қарастырғанда мұсылман құқығының қайнар көздерін Құранды, Суннаны, Ижмәні, Пәтуаны, әдет ғұрыпты, Қиясты қарастыру керек.

Оларды басқа құқық жүйелерімен салыстыру және бір-бірімен ара қатынасын көрсету керек.

Үшінші сұрақ бойынша заттардың топтасуын, меншік құқығы пайда болуының әдістерін, жер меншігі түрлерін (мүлік, икта, вакуф) шарттарды жасау түрлерін көрсету керек.

Мұсылман құқығы бойынша отбасы мен неке мәселелерін қарастырғанда ер адам және әйел адамның жағдайына олардың құқықтарына ие болуға ерекше назар аудару керек.

Қылмыстық құқықты оқығанда курсанттарға қылмыстар жүйесінің ерекшелігін көрсету керек. Қылмыстар топтасуы және жазалар жүйесінің принциптерін ашып беру керек.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-17,24,42,62,66,67,69,72,74,78,85,99,100,122, 123,131,133,146-152.

**КОӨЖ – 1 сағат**

1. Мұсылман құқығының қайнар көздерін зерделеу және кестені толтыру:

Қайнар көздердің түрлері	Ұғымы (негізгі сипаты)	Маңызы

2. Мұсылман құқығының қайнар көздері бойынша қылмыстық құқықты зерделеу және кестені толтыру:

Қылмыстың түрлері	Жазаның түрлері

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Жазбаша және курсанттардың толтырған кестесінің оқытушымен бағалануы.

**Әдістемелік нұсқау:** Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана, Мұсылман құқығының қайнар көздерін, ұғымын, маңызын зерделей отырып кестені толтыру. Мұсылман құқығы бойынша қылмыстар мен жазалардың жүйесін зерделей отырып кестені толтыру қажет. Курсанттар Мұсылман құқығын жетік білгендері дұрыс.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-17,24,42,62,66,67,69,72,74,78,85,99,100,122, 123,131,133,146-152.

**КӨЖ – 3 сағат**

### **ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР**

Төменде көрсетілген тақырыптарға конспект жазу және рефераттар әзірлеу:

- Қытай феодалдық құқығының ерекшеліктері.
- Жапония феодалдық құқығының ерекшеліктері.
- Үндістан феодалдық құқығының ерекшеліктері.

### Өзіндік бақылау материалдары

1. Мұсылман құқығы қайнар көздерінің ішінде қайсысы анағұрлым нақты мағынаға ие?
2. Шариғат – бұл ...
3. Араб Халифатының басқару нысаны.
4. Араб Халифатында жергілікті мемлекеттік басқаруды кім жүзеге асырды.
5. Араб Халифатында маскүнемдерді қалай жазалады.
6. Араб Халифатындағы Хиджаз дегеніміз не?
7. Араб Халифатындағы Вакуф дегеніміз не?
8. Араб Халифатындағы Мүлік дегеніміз не?
9. Араб Халифатындағы Икта дегеніміз не?
10. Араб Халифатында дене жарақатын салғаны үшін қандай жаза тағайындалды.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-17,24,42,62,66,67,69,72,74,78,85,99,100,122,123,131,133,146-152.

## ІІІ БӨЛІМ

### ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ

#### 8 ТАҚЫРЫП

### XVII ҒАСЫРДАҒЫ АҒЫЛШЫН

### БУРЖУАЗИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ АНГЛИЯДАҒЫ

### КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МОНАРХИЯНЫҢ ДАМУЫ

Семинар – 1 сағат

#### ЖОСПАР:

1. XVII ғ. аяғындағы және XVIII ғ. басындағы конституциялық актілер.
2. XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. бірінші жартысындағы Англиядағы конституциялық монархияның қалыптасуы.
3. XIX ғ. Ағылшын парламентаризмінің қалыптасуы, сайлау реформасы.

**Тапсырма:** Тақырып бойынша қарастырылған әдебиеттерді пайдалана отырып жоғарыда көрсетілген семинар сұрақтарына ауызша дайындалу.

#### ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫС:

Осы тақырыпты оқи бастағанда алдымен буржуазиялық мемлекет пен құқықтың пайда болуға келтірілген ағылшын революциясының алдындағы жағдайларын, себептерін, сипатын, ерекшеліктерін және кезеңдерін түсіну керек.

Бұл процесті таптар күресінің негізгі бағыттарымен мұқият таныс болғанда түсінуге болады. Дворяндар мен буржуазия арасындағы ымыра келісіммен (компромисс) ағылшын революциясы аяқталады. Бұл компромистің нәтижесі – конституциялық монархия орнату.

Бұл мәселені 1688 жылы төңкерістен кейінгі конституциялық монархия қалыптастыруымен бірге қарастыру керек. Осыған байланысты курсанттар 1679 жылғы Хабеас корпус акт, 1689 ж., «Құқықтар туралы Билль», 1712 ж. «Тақ туралы Акт» сияқты өте маңызды құжаттарды оқып зерттеуге тиісті.

Екінші сұрақты қарастырғанда Англиядағы конституциялық монархияның негізгі принциптерін – жазылмаған конституция бойынша король билігінің шектеуін, корольдың өкілеттіктерінің парламентпен үкіметке өтуін, үкіметтің парламент алдындағы жауаптылығын білуге тиісті.

Үшінші сұрақ дайындағанда курсанттар Англиядағы қоғам құрылысындағы және күштер ара қатынасындағы өзгерістерге келтірілген ХУШ ғ. өнеркісіптік буржуазияның дворяндарға қарсы күресін көрсетуі керек. Бұл мәселенің 1832 және 1867 жж. сайлау реформаларымен қалыптасуына назар аудару керек.

Толық аяқталғанына қарамастан, ағылшын буржуазиялық революциясының өте зор тарихи маңызы бар, себебі феодалдық мемлекетті жоюына және жаңа буржуазиялық құрылыс орнатуына жол көрсетті.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 4-6,9-22,24,44,47,54,56,86,89,93,101,104,108,110, 113,117,121,124, 139,140,143,146,147,149-152.

#### **КОӨЖ – 1 сағат**

1. 1838 ж. және 1867ж. сайлау реформалары, негізгі айырмашылықтар мен маңызын конспектілеу және айту керек.

2. «Англияның қос партиялық жүйесінің дамуы мен пайда болуы» тақырыбында конспект әзірлеу

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Жазбаша және ауызша, курсанттардың конспектілері оқытушымен бағалануы.

**Әдістемелік нұсқау:** Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана, жоғарыда көрсетілген нормативтік актілерді зерделей отырып конспект жазу керек және нормативтік актілердің мазмұнын ауызша айту. Курсанттар Англиядағы буржуазиялық революциясы және Конституциялық монархияның дамуын жетік білгендері дұрыс.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 4-6,9-22,24,44,47,54,56,86,89,93,101,104,108,110, 113,117,121,124, 139,140,143,146,147,149-152.

#### **Тәжірибелік – 1 сағат**

Нормативтік актілерді зерделеу және конспектілеу:

<b>Нормативтік құжат</b>	<b>Негізгі мазмұны</b>
Хабеас корпус акт 1679ж. (Англия)	
Құқықтар туралы Билль 1689ж. (Англия)	
Құрылыс туралы Акт 1701ж. (Англия)	

*Тәжірибелік сабақ өткізу нысаны: Жазбаша және ауызша, курсанттардың конспектілері оқытушымен бағалануы.*

*Әдістемелік нұсқау: Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана, жоғарыда көрсетілген нормативтік актілерді зерделей отырып кестені толтыру және нормативтік актілердің мазмұнын ауызша айту.*

**Ұсынылған әдебиеттер:** 4-6,9-22,24,44,47,54,56,86,89,93,101,104,108,110, 113,117,121,124, 139,140,143,146,147,149-152.

**КӨЖ – 3 сағат**

## **ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР**

Төменде көрсетілген тақырыптарға конспект жазу және рефераттар әзірлеу:

- Хабеас корпус акт 1679ж. (Англия);
- Құқықтар туралы Билль 1689ж. (Англия);
- Құрылыс туралы Акт 1701ж. (Англия)

### **Өзіндік бақылау материалдары**

1. Ағылшын буржуазиялық революциясындағы қозғаушы күштер.
2. Англияда соттардың ауыстырылмау принципі тұжырымдалған?
3. 1653-1659 ж.ж. Англиядағы буржуазиялық революция кезінде мемлекеттік құрылысының нысаны?
4. Англиялық буржуазиялық революцияның қорытындысы бойынша Англияны ресми түрде жариялау болды?
5. Контрассигнатура принципі нені білдірді?
6. Англияда «Құқық туралы билль» қай жылы қабылданды?
7. Англияның «Құқық туралы билль» конституциялық заңына кім қол қойды?
8. «Король патшалық етеді, алайда басқармайды» жүріп-тұру ережесі қай мемлекетте пайда болды?
9. Англияда қай конституциялық заң бойынша корольдің билігі шектелді?
10. 1869 жылғы құқық туралы билль Англияда кімнің құқықтарын шектейді?

**Ұсынылған әдебиеттер:** 4-6,9-22,24,44,47,54,56,86,89,93,101,104,108,110, 113,117,121,124, 139,140,143,146,147,149-152.

## **9 ТАҚЫРЫП ҰЛЫ ФРАНЦУЗ РЕВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ ФРАНЦИЯДАҒЫ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ**

**Семинар – 1 сағат**

### **ЖОСПАР:**

1. Франциядағы буржуазиялық революцияның себептері. Революция кезеңдері. Париж Коммунасы.
2. 1789 ж. адам және азамат құқықтары туралы декларация. 1793 ж. адам және азамат құқықтары туралы декларация.
3. 18-19 ғғ. Франциядағы буржуазиялық мемлекеттің конституциялық актілері.

***Тапсырма:** Тақырып бойынша қарастырылған әдебиеттерді пайдалана отырып жоғарыда көрсетілген семинар сұрақтарына ауызша дайындалу.*

### **ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫС:**

Берілген тақырыпты зерделегенде, ең алдымен, буржуазиялық мемлекет пен құқық даму барысында француз революциясының салдарын, себептерін, сипатын, ерекшеліктерін және кезеңдерін ұғыну қажет. Бұл үрдіс таптық күрестің негізгі бағыттарымен түбегейлі танысу кезінде ғана түсінікті болады. Нәтижесінде бұл күрес революцияның аяқталуымен және үшінші республиканың орнауымен байқалды. Париж коммунасының пайда болуына назар аударған жөн, оның маңызы, басқару органдары.

Екінші сұрақта 1789ж. адам және азамат құқықтары декларациясының қабылдану себептерін, негізгі мазмұнын және маңызын білу қажет. 1793ж. адам және азаматтар құқықтары декларациясының негізгі мазмұнын, оның 1789ж. Декларациядан айырмашылығын, оның прогрессивтік маңызын білу.

Үшінші сұрақта көрсетілген кезеңнің конституциялық актілерін зерделеу қажет. 1791ж. Франция конституциясы, 1793ж. Франция конституциясы, 1793ж. Конституциялық акт, 1795ж. Франция конституциясы, 1799ж. Франция конституциясы, 1814ж. Хартия және 1830ж., 1848ж. Франция конституциясы, 1852ж. Франция конституциясы, 1875ж. конституциялық заңдар (үшінші республиканың режимін орнатушы). Аталған әр конституция бойынша мемлекеттік билік органдары мен басқару нысанын қарастыратын салыстырмалы таблица құрастыру қажет.

***Ұсынылған әдебиеттер:** 4,5,6,11-24,37,44,47,54,71,87,88,90,93, 94,101, 110,117,140,146-152.*



## КОӨЖ – 1 сағат

### Төмендегі сұрақтар бойынша конспект жазу:

1. Франциядағы буржуазиялық революцияның себептері. Революция кезеңдері.
2. 1789 ж. Адам және азамат құқықтары туралы декларация.
3. XIX ғ. Франциядағы буржуазиялық мемлекеттің дамуы. Париж Коммунасы.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Жазбаша және ауызша, курсанттардың жазған конспекттері оқытушымен бағалануы.

**Әдістемелік нұсқау:** Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана, жоғарыда көрсетілген сұрақтар бойынша қысқаша конспект жазу және мазмұнын ауызша айту. Курсанттар Ұлы Француз революциясы және буржуазиялық мемлекеттің пайда болуын жетік білгендері дұрыс.

## Тәжірибелік – 1 сағат

№	Нормативтік құқықтық акт	Мазмұны
1.	1789 ж. Адам және азамат құқықтары мен бостандықтары декларациясы	
2.	1791ж. Франция конституциясы	
3.	1793ж. Франция конституциясы	
4.	1795ж. Франция конституциясы	
5.	1799ж. Франция конституциясы	

**Тәжірибелік сабақ өткізу нысаны:** Жазбаша және ауызша, курсанттардың толтырған кестесінің оқытушымен бағалануы.

**Әдістемелік нұсқау:** Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана, жоғарыда көрсетілген нормативтік актілерді зерделей отырып кестені толтыру және нормативтік актілердің мазмұнын ауызша айту. Курсанттар Ұлы Француз революциясы және буржуазиялық мемлекеттің пайда болуын жетік білгендері дұрыс.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 4,5,6,11-24,37,44,47,54,71,87,88,90,93, 94,101, 110,117,140,146-152.

## КӨЖ – 3 сағат

### ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР

#### Рефераттар әзірлеу:

1. Франциядағы буржуазиялық революция.
2. Париж Коммунасы.
3. 1789 ж. Адам және азамат құқықтары туралы декларация.

4. 1793 ж. Адам және азамат құқықтары туралы декларация.
5. 18-19 ғ.ғ. Франциядағы буржуазиялық мемлекеттің конституциялық актілері.

### **Өзіндік бақылау материалдары**

1. 1791 жылғы конституция бойынша Францияда атқарушы билік кімге тиесілі болды.
2. 1791 жылғы конституция бойынша Францияда жоғары заңшығарушы билік кімге тиесілі болды.
3. 1791 жылғы конституция бойынша Францияда әкімшілік-аумақтық бөлініс қандай болды.
4. Француз буржуазиялық революциясы кезіндегі қозғалыс күштер.
5. Францияда буржуазиялық революцияның қорытындысы болып жарияланды.
6. Францияда революцияның басталу оқиғасы деп санайды.
7. Францияда революцияның басталуы – Бастилияны алу қашан болды.
8. Наполеон Бонапарт қай жылы мұрагер тағайындау құқығымен өмір бойы консул болып жарияланды.
9. 1804 жылғы Француз азаматтық кодексі бойынша некеге отыру үшін бірінші қажетті шарт.
10. 1804 жылғы Француз азаматтық кодексі бойынша ерлі-зайыптылардың арасындағы өзара қарым-қатынас қандай принципте негізделді.

*Ұсынылған әдебиеттер:* 4,5,6,11-24,37,44,47,54,71,87,88,90,93, 94,101, 110,117,140,146-152.

## **10 ТАҚЫРЫП**

### **ГЕРМАНИЯ МЕН ЖАПОНИЯДАҒЫ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ**

**Семинар – 1 сағат**

#### **ЖОСПАР:**

1. Герман одағынан Герман империясына.
2. 1871 ж. Германия империясының Конституциясы.
3. Жапониядағы буржуазиялық революция.
4. 1889 ж. Жапонияның Конституциясы.

*Тапсырма:* Тақырып бойынша қарастырылған әдебиеттерді пайдалана отырып жоғарыда көрсетілген семинар сұрақтарына ауызша дайындалу.

#### **ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫС:**

Бірінші сұрақты зерделеу барысында «Германия ұлтының қасиетті рим империясы» құлау себебін және ХУХ ғасырдың басындағы – Рейн одағы, Герман одағы германдық мемлекеттердің бірігу нысанын қарастыру қажет. Алғашқы

конституциялардың мазмұнын ашу қажет. 1850 ж. Конституцияға аса назар аудару қажет. 1871 ж. Герман империясының конституциясының мәнін ашу керек. Кайзерлік Германияның саяси режимін. Прусс-германдық милитаризмнің ерекшелігін.

19 ғасындың 60 жылдардағы Жапонияның мемлекеттік құрылысының ерекшеліктерін ашып көрсету керек. Буржуазиялық реформаларды ашу барысында аса көңіл бөлетін жай саяси партиялардың құрылуы және агрардық реформа, сондай-ақ 1889 ж. Конституциясын ашып көрсету керек. Сонымен қоса екі мемлекеттің конституцияларына мінездеме беріңіздер.

Екінші сұрақты қарастыру барысында Жапониядағы буржуазиялық революцияның пайда болуын және кімдердің арасында болғанын қарастырып өту керек.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 4,6,10-24,33,44,47,54,59,93,101, 103,110,117,118, 126,127,140,144, 146-152.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Төмендегі сұрақтар бойынша конспект жазу:**

1. Герман одағынан Герман империясына.
2. 1871 ж. Германия империясының Конституциясы.
3. Жапониядағы буржуазиялық революция.
4. 1889 ж. Жапонияның Конституциясы.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Жазбаша, курсанттардың конспектілері оқытушымен бағалануы.

**Әдістемелік нұсқау:** Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана, жоғарыда көрсетілген сұрақтарды конспектілеу. Курсанттар Германия мен Жапониядағы буржуазиялық мемлекеттің пайда болуын жетік білгендері дұрыс.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 4,6,10-24,33,44,47,54,59,93,101, 103,110,117,118, 126,127,140,144, 146-152.

**Тәжірибелік – 1 сағат**

### **ЖОСПАР**

Мақсаты: буржуазиялық заңдылықтың даму ерекшеліктерін зерттеу

Өткізу түрі: «Лидер ХХІ» зияткерлік және білім беру ойындары

**Сұрақтар:**

1. Германиядағы буржуазиялық революцияның себептері. Революция кезеңдері.
2. Жапониядағы буржуазиялық революцияның ерекшеліктері.

Ойыншылар кестеге сәйкес өз білім саласын және мәселенің бағасын таңдайды. Тиісті жауаппен, ойыншы бағаға сәйкес балл алады, ал дұрыс емес болса, бұл қадам басқа қатысушыға жіберіледі.

10	20	30	40	50
10	20	30	40	50
10	20	30	40	50
10	20	30	40	50

Балл бойынша сәйкесінше қорытынды.

**Әдістемелік нұсқау:** Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана, жоғарыда көрсетілген Конституцияларға сай мемлекеттік органдарды, олардың қалыптасу тәртібін және құзыретін зерделей отырып кестені толтыру. Конституциялардың мазмұнын ауызша айту. Курсанттар Германия мен Жапониядағы буржуазиялық мемлекеттің пайда болуын жетік білгендері дұрыс.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 4,6,10-24,33,44,47,54,59,93,101, 103,110,117,118, 126,127,140,144, 146-152.

**КӨЖ – 3 сағат**

### **ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР**

1. Төменде көрсетілген тақырыптарға конспект жазу және рефераттар әзірлеу:

- 1850 ж. Герман империясының конституциясы
- 1889 ж. Жапон конституциясы
- Герман империясының қалыптасуына Отто фон Бисмарктің рөлі.
- Мэйдзи революциясы және оның Жапон мемлекетінің тарихы үшін маңызы.

### **Өзіндік бақылау материалдары**

1. 1814 жылғы Германия одағына қанша мемлекеттер кірді?
2. Қай жылы Германия империясы құрылды?
3. Германияның конституциясы бойынша жоғары өкілдік органы болды.
4. Германияның бірінші концлері кім болды?
5. Буржуазиялық революцияның қорытындысы Германияны жариялау болды.
6. 1814 жылғы Германдық одақтың жоғарғы органы болды.
7. Жапонияда буржуазиялық революция қалай аталды?
8. Жапониядағы буржуазиялық революцияның қорытындысы болып жарияланды.
9. Жапонияда революцияға дейін нағыз билік кімнің қолында болды.
10. Жапонияның Конституциясы қабылданды.

*Ұсынылған әдебиеттер:* 4,6,10-24,33,44,47,54,59,93,101, 103,110,117,118, 126,127,140,144, 146-152.

## **11 ТАҚЫРЫП**

### **АҚШ-ы БУРЖУАЗИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ**

*Сабақ мақсаты:* Америкадағы Англия колониясының тәуелсіздік үшін соғысы және АҚШ-тың құрылуын, 1787ж. АҚШ Конституциясы және 1791ж. құқықтар туралы Билль, 1961-1964 жж. Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы азаматтық соғыс және оның АҚШ-тың мемлекеттік-құқықтық дамуына тигізген ықпалын анықтау.

**Дәріс – 1 сағат**

#### **ЖОСПАР:**

1. Америкадағы Англия колониясының тәуелсіздік үшін соғысы және АҚШ-тың құрылуы.
2. 1787 ж. АҚШ Конституциясы және 1791 ж. құқықтар туралы Билль.
3. 1961-1964 жж. Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы азаматтық соғыс және оның АҚШ-ның мемлекеттік-құқықтық дамуына тигізген ықпалы.

#### **ДӘРІС ТЕЗИСІ**

XVII-XVIII ғасырларда Солтүстік Американың Атлантика мұхиты жағалауында 13 отар құрылды. Отарлардағы адам саны 2,5 млн.-дай еді. Оның жарты миллионы африкалық негрлер болатын. Отарлықтар Американың жергілікті тұрғындарын үндістерді құлдыққа көндіре алмады. Көпшілік қоныстанушылар Еуропадан, оның ішінде көбі Англиядан келгендер еді. Отарлардың мемлекеттік құрылыстары Англияның өзіне өте ұқсас болатын. Олардың ішкі істердегі автономиясы король бекіткен қағаздармен айқындалды. Қоныс аударушылар өздерімен бірге Америкаға отандарында қолдана алмайтын ескі еркіндіктерін, кейбір биліктерін ала келді. Олар табиғи заңдылықтар іліміне сүйене отырып, өз заңдарын құрды. Отарлар феодализм тәртіптерін білген жоқ. Олардың экономикалық дамуы XVII ғасырда қалыптасқан буржуазиялық қарым-қатынастар негізінде өрбіді.

Ағылшын мемлекеті отарларға тауар өткізетін нарық және шикізат көздері ретінде қарады. Олар жаңадан пайда болып келе жатқан американ буржуазиясының мүдделеріне мейлінше қысым жасады. Америка тұрғындарына құл сатумен айналысуға рұқсат етілген жоқ, тауарларды тасымалдаумен тек ағылшындар айналыса алатын болды, өнімдері шығарылмады. Георг-Үшінші фермерлерге Аллеган тауларының ар жағындағы жерлерді иеленуіне тыйым салды. Америкадағы мақта, темекі, жүгері құнының төмен болуы, ағылшын тауарларының қымбаттығы плантаторларды жиі-жиі банкроттыққа ұшыратып

отырды. Еуропа мемлекеттерінен әкелінген тауарларға төлейтін салықтарды көбейтті және оны күміс ақшамен төлеуге мәжбүр етті. Бірақ Англияның Америка отарларын бағындыра, ырқына кендіре ұстамақшы болған, экономикалық дамуын тоқтатпақшы болған әрекеттері Америка халқының үзілді-кесілді батыл қарсылығына тап болды.

Америка төңкерісінің алғы шарттары.

Америкаға алғашқы британ қоныстаушыларының келгенінен бастап, ағылшынның солтүстік американдық отарларындағы азаттық қозғалысының басталуына дейін бар-жоғы 150 жыл өтті.

Британияның отарлары Еуропалық қоныстаушылардан бос еді. Бірақ америкалық абориген-үндістерді өз жерлерінен ығыстыра отырып орналасқан. Отаршылдар үндістерден ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруді, шаруашылық әдістерін және аң аулауды үйренді. Өз өмірлерінде үндістер мәдениетінің әсері сезінді. Үндістер оларға алғаш кезде азық-түлікпен көмектесті. Бірақ сол Американың негізгі халқын отаршылдар өлім жағдайына жеткізсе де, оларды 13 отарда жұмысшылар жетпей жатса да, құлға айналдыра алмады.

Тәуелсіз мемлекет құрудың алғы шарттары болды, Американың төңкерісі отарлардың біртұтас мемлекетке бірігуі үшін объективті жағдай жасағаны мәлім. Төңкерістің қайнар көздері Америка экономикасы үшін дәстүрлік жолмен дамыды. Метрополия мұхиттың ар жағына өзінің шаруашылық өнімдерін шығару арқылы олардан көп табыс (кіріс) алып отырды. Отарлардың еншісі британ шаруашылығы үшін негізгі материал, шикізат жеткізуші болып табылатын. Олардың қарым-қатынастары пайда табу негізінде құрылған.

Англияның бұлай қарай тасымалдағаны кеме бөлшектері, шойын, ауыл шаруашылық өнімдерінен бидай, күріш, индиго. Сауда өте қиын жолмен жүргізілді. Ағылшын буржуазиялық төңкерісі кезінде 1649 жылы қабылданған Навигациялық акт сауданы тек ағылшын су жол қатынастарымен өткізуді қажет деп тапты. Саудаға қатысатын кемелердің капитандары болып тек ағылшын мемлекетінің азаматтары тағайындалатын. Өздеріне қатыссыз сауданы басқа елге жіберуге отарлардың құқығы болған жоқ. Барлық заттар Лондон арқылы етуге тиіс болды. Сауда жүргізгені үшін олар Англияға үлкен баж салығын төледі. Бірақ Навигациялық акт бекіткен сауда шарттары Америкаға белгілі бір пайда берді. Англия Еуропаның ең бай және прогрессивтік мемлекеттерінің бірі. Оның тауарларының сапасы өте жоғары болатын. Сондықтан олар дамыған елдердегі жеңіл өнеркәсіпті пайдаланды. Одан басқа отарлар Британ кредиттерін пайдаланып, британ әскері мен флотының қол астында болды. Ағылшын жеке меншігіне қол сұққан адамдар өте қатты жазаға кесілді, көбіне ол өлім жазасы болатын.

Ағылшын кемелерінің төрттен бір бөлігі отарларда жасалды. Отарлар жасырын жолмен контрабандамен айналысатын. Олар жергілікті өкіметпен шарт жасасып, қалпақ, етік, жиһаз тағы басқа заттарды жасай бастады.

1769 жылы ағылшындар сауда палатасын құрды. Ол жеңіл өнеркәсіптегі ағылшын монополиясын қолдады. Бірақ бәрі бір өсу қарқыны жоғарылаған жоқ. 10 американдықтың тоғызы ағылшын киімін киді. Үлкен табыс әкелген ол үштік сауда. Үндістаннан барлығы қант шығарды, ал Жаңа Англия одан ром шарабын жасатып, сейтіп, оған Африкадан құлдар сатып алатын.

Төңкеріске дейін ұлтаралық жағдай үлкен масштабты қамтыды, яғни, Америкада ортақ нарық болды. Бұл капиталистік экономиканың бірден жоғарылауына мүмкіндік туғызған еді. Американдықтардың негізгі шаруашылығы – ауыл шаруашылығы болғаны мәлім.

Әлеуметтік құрылысы. Америкадағы халықтың құрылысы өте ерекше. Феодал лордтар бүкіл жерлерінің оннан тоғызының қожасы. Жұмысшы күші – ағылшын "зандастырылған малайлары", олар Англиядан кезінде Америкаға жете алмай, ақшалары жоқтығынан кеме иелерімен шартқа отырып, солардың малайлары боламыз деп міндеттеме алғандар еді. Бірақ Америкаға келгеннен кейін олар біршама жұмыс істеп, өздеріне жер алды да, американ фермерлеріне айнала бастады. Жердің молдығы оларды көп уақыт езгіге салуға мүмкіндік берген жоқ. Американың жарты миллион адамы Африка негрлері оңтүстікте плантацияларда жұмыс істейтін еді. Америка халқының көбін ерікті фермерлер мен қолөнершілер құрайтын.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 3,8,11-24,29,31,32,39,40,41,44,47,48,54,58,79,93, 110, 117,141,146-152.

## Семинар – 1 сағат

### ЖОСПАР:

1. 1787 ж. АҚШ-тың Конституциясы. Жалпы мазмұны мен негізгі ерекшеліктері.
2. 1791 ж. құқық туралы Билль – Конституциясының алғашқы 10 толықтырулары.
3. 1961-1964 жж. Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы азаматтық соғыс және оның АҚШ-ның мемлекеттік-құқықтық дамуына тигізген ықпалы.

**Тапсырма:** Тақырып бойынша қарастырылған әдебиеттерді пайдалана отырып жоғарыда көрсетілген семинар сұрақтарына ауызша дайындалу.

### ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫС:

Курсанттар 1776 ж. Тәуелсіздік Декларациясының негізгі мазмұнын ашып беруге, халық егемендігі, адамның табиғи және ешкім айыра алмайтын құқықтар ұғымына, «Конференция баптарына» түсініктер беруге тиісті.

Екінші сұрақ бойынша курсанттар 1787 ж. Конституцияға жалпы сипаттама беруге тиісті, Конституция баптарының негізгі принциптері мен мазмұнын ашып беруге тиісті.

1791 ж. құқық туралы Билльді анықтағанда, осы құжаттың бас негізі – азаматтардың бостандықтарын бұзатын заңдар қабылдауға болмайтынын ерекше көрсету.

Үшінші сұрақты қарастыру барысында АҚШ-ның ХІХ ғ. мемлекеттік-саяси дамуы туралы сұрақта – 1861-1864 жж. болған Азаматтық соғыс нәтижелерін, АҚШ аумағының кеңеюін, қос партиялық жүйенің қалыптасуын көрсету керек.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 3,8,11-24,29,31,32,39,40,41,44,47,48,54,58,79,93, 110, 117,141,146-152.

**КОӨЖ – 1 сағат**

1. Нормативтік актілерді зерделеп кесте толтыру

<b>Нормативтік құжат</b>	<b>Негізгі мазмұны</b>
1776 ж. «Тәуелсіздік декларациясы» (АҚШ)	
1787 ж. АҚШ конституциясы	
1791 ж. Құқықтар туралы Билль.	

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Жазбаша және ауызша, курсанттардың толтырған кестесінің оқытушымен бағалануы.

**Әдістемелік нұсқау:** Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана, жоғарыда көрсетілген нормативтік актілерді зерделей отырып кестені толтыру және нормативтік актілердің мазмұнын ауызша айту. Курсанттар АҚШ-тағы буржуазиялық мемлекеттің пайда болуын жетік білгендері дұрыс.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 3,8,11-24,29,31,32,39,40,41,44,47,48,54,58,79,93, 110, 117,141,146-152.

**КӨЖ – 3 сағат**

### **ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР**

1. Рефераттар әзірлеу:

- 1776 ж. Тәуелсіздік Декларациясы.
- 1781 ж. «Конфедерация баптары».
- 1787 ж. АҚШ-тың Конституциясы.
- 1791 ж. құқық туралы Билль – Конституциясының алғашқы 10 толықтырулары.
- ХІХ ғ. АҚШ-тың мемлекеттік-саяси дамуы.

2. 1787 ж. АҚШ конституциясы бойынша мемлекеттік құрылысына сызба құрастыру.

### **Өзіндік бақылау материалдары**

1. АҚШ-тың бірінші президенті?



2. Американдық азаматтардың құқықтары тұжырымдалды.
3. Қай президент кезінде АҚШ-да құлдық жойылды?
4. АҚШ-ның Конституциясы қашан қабылданды?
5. АҚШ-ның тәуелсіздік декларациясы қашан қабылданды?
6. Қай құжат американдық колониялардың (отаршылардың) саяси тәуелсіздігін жариялады?
7. АҚШ-да Солтүстік және Оңтүстік соғысы қашан болды?
8. АҚШ-ның конституциясы бойынша заңшығарушы билік кімге тиесілі.
9. АҚШ-ның құрылу кезінде саяси партиялар қалыптасты.
10. 1787 жылғы АҚШ-ның конституциясы бойынша басқару нысаны?

**Ұсынылған әдебиеттер:** 3,8,11-24,29,31,32,39,40,41,44,47,48,54,58,79,93, 110, 117,141,146-152.

## **12 ТАҚЫРЫП БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ**

**Семинар – 1 сағат**

### **ЖОСПАР:**

1. Буржуазиялық құқықтың негізгі сипаты.
2. Континенталдық құқық жүйесі және оның ерекшеліктері.
3. Ағылшын-саксондық құқық жүйесінің ерекшеліктері.

***Тапсырма:** Тақырып бойынша қарастырылған әдебиеттерді пайдалана отырып жоғарыда көрсетілген семинар сұрақтарына ауызша дайындалу.*

### **ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫС:**

Ф.Энгельс сөзі бойынша рим құқығы негізінде жасалған Наполеонның француз азаматтық кодексі буржуазиялық қоғамы заңдарының классикалық жинағы болып табылады.

Мұнда курсанттар азаматтық құқықты шығаруына жататын есептерді, олардың жүзеге асыру сипатын, революция барысында азаматтық құқық принциптерін жариялауын меңгеруге тиісті. Сонан кейін олар азаматтық кодекстің дайындауына және қабылдауына, кіріспе тарауы кодекстің құрамындағы үш кітапқа назар аударулары керек.

Екінші сұрақты қарастырғанда меншік түсінігін, меншікке ие болу тәсілдеріне, ер адам мен әйел адамның құқықтық жағдайы, мұралық құқығын анықтау керек. Міндеттілік құқықты шарт жасау принциптерін, шарттың түрлерін ашып беру керек.

Үшінші сұрақты дайындағанда курсанттар 1810 ж. қылмыстық кодексті анықтап, қылмыс пен жазаның түрлерін белгілеуге тиісті. Сонымен қатар,

Италияның, Испанияның, Голландияның, Грецияның және Жапонияның қылмыстық құқығы дамуына тигізген әсеріне назар аудару керек.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-24,33,37,44,47,54,56,59,71,86-90,93,94,101, 103,104,108,110,113, 117, 118,121,124,126,127,139,140,143,144,146-152.

**КОӨЖ – 1 сағат**

1. Нормативтік актілерді зерделеп кесте толтыру

<b>Нормативтік актілер</b>	<b>Қылмыстың түрлері</b>	<b>Жазаның түрлері</b>
Францияның 1804 ж. азаматтық кодексі		
Францияның 1810ж. қылмыстық кодекс		

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Жазбаша және ауызша, курсанттардың толтырған кестесінің оқытушымен бағалануы.

**Әдістемелік нұсқау:** Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана, жоғарыда көрсетілген Францияның 1804 ж. азаматтық кодексі және 1810 ж. қылмыстық кодексін зерделей отырып кестені толтыру және нормативтік актілердің мазмұнын ауызша айту. Курсанттар буржуазиялық құқықтың пайда болуы мен дамуын жетік білгендері дұрыс.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 11-24,33,37,44,47,54,56,59,71,86-90,93,94,101, 103,104,108,110,113, 117, 118,121,124,126,127,139,140,143,144,146-152.

**КОЖ – 3 сағат**

1. Рефераттар әзірлеу:

Француз азаматтық және қылмыстық кодексінің өңдеу тарихы.

Буржуазиялық құқықтың негізгі сипаты.

Континенталдық құқық жүйесі және оның ерекшеліктері.

Ағылшын-саксондық құқық жүйесінің ерекшеліктері.

2. 1804 ж. азаматтық кодекстің 1108,1109,1674, 1134, 1160, 1583, 1641, 1642 баптарын конспектілеу.

### **Өзіндік бақылау материалдары**

1. 1804 ж. Наполеонның Азаматтық Кодексі және оның азаматтық құқықтың дамуына тигізген әсері.

2. Буржуазиялық құқықтың пайда болуы.

3. 1807 ж. Франция сауда кодексі.

4. 1810 ж. Францияның қылмыстық кодексі.

5. 1832 ж. Англиядағы Парламент реформалар халық өкілдігі туралы акт.
6. 1850 ж. Пруссияның Конституциялық хартиясы.
7. 1867 ж. Англиядағы халық өкілдігі туралы акт.
8. 1884 ж. Англиядағы халық өкілдігі туралы акт.
9. 1871 ж. Германияның Конституциясы.
10. 1896 ж. Герман азаматтық жинағы.

*Ұсынылған әдебиеттер:* 11-24,33,37,44,47,54,56,59,71,86-90,93,94,101, 103,104,108,110,113, 117, 118,121,124,126,127,139,140,143,144,146-152.

**IV ТАРАУ**  
**ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ**  
**13 ТАҚЫРЫП**  
**XX Ғ. ШЕТЕЛДЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУЫ**  
**(АНГЛИЯ, ФРАНЦИЯ, ГЕРМАНИЯ)**

*Сабақ мақсаты:* XXғ. басындағы Англияның мемлекеттік құрылысындағы өзгерісін, Министрлер кабинетінің басқару жүйесін, партиялық жүйенің эволюциясын, Парламент реформасын, Ш-ІУ республика кезеңіндегі Францияның мемлекеттік дамуын, У республиканың құрылуын, 1985ж. Конституциясын, оның ерекшеліктерін зерделеу.

**Дәріс – 1 сағат**

**ЖОСПАР:**

1. Қазіргі заманғы мемлекет және құқық эволюциясы.
2. Жаңа уақыттағы Германияның дамуы. Герман фашизмінің ерекшеліктері.
3. XX ғ. Францияның саяси-құқықтық дамуы.
4. XX ғ. Англияның мемлекеттік-саяси тарихының ерекшеліктері.

**ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Франция бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін жеңген мемлекеттердің қатарларына кіріп, өзіне Эльзас пен Лотарингияны қайтарып алды. Басқа Германияның отарларына ие болды, Сирия және Ливан мемлекеттерін өзіне бағындырды. Францияның буржуазиясы осы соғыстан ұтып, бұрынғысынан да байып шықты. Соғыс Франция экономикасының дамуына әсерін тигізді, әсіресе өнеркәсіп мықты дами түсті. Мемлекеттік құрылысы қатты өзгерген жоқ, атқару билігі күшейді. 1919 жылы әйелдерге сайлау құқығы беріліп, 1922 жылы қайтадан жойылды. Мажоритарлық сайлау жүйесі пропорционалдық сайлау жүйесіне өзгертілді. 1936 жылы Францияда Халық майданы құрылған болатын, оған социалистік, коммунистік және радикал партиялар бірігіп. Леон Блюм басқаруымен үкімет құрылды.

Басқа Еуропа мемлекеттерінде фашистік режим бас көтеріп күшейгені мәлім, сондықтан, Францияны бұл апаттан сақтау үшін осы одақ құрылды. Халық майданы үкіметі мынадай шаралар өткізді: фашизмге қарсы қозғалыстар ұйымдастырды, олардың саяси ұйымдарын таратып жіберіп, әскери қоймаларды жойды. Әскери өнеркәсіптердің кейбіреулері мемлекеттің меншігіне берілді. 40 сағаттық жұмыс аптасы енгізілді. Екі жұмалық демалыс бекітілді. Кәсіподақтар ұжымдық шарттар құруға құқықты болды. Қолөнершілерге, ауылшаруашылық жұмысшыларына кредит түрінде көмек берілді. Бірақ солшыл күштер мемлекетті тек 1937 жылға дейін басқарды, банктер мен трестердің басуын көтере алмай, отставкаға кетті. Билік оңшыл партиялардың қолына көшті.

Германияның әскерлері Францияның аудандарына кірген кезде Лондон қаласында орналасқан Ұлттық комитет Францияны басқарған болатын. Бұл комитетті онда ешкімге белгісіз де Голль басқарды. Коммунистік партия Франция жерлерінде фашистерге қарсы халықты ұйымдастырып, қайтадан Ұлттық майдан құрды. 1944 жылы осы Ұлттық майданның өкілдері мен Ұлттық комитет уақытша үкіметті құрды қажет етті. Коммунистер бірінші рет үкіметке кірді. Екінші майдан ашылғаннан кейін Францияның уақытша үкіметі Парижге көшті. Енді Францияның мемлекеттік құрылысын шешу қажет болды. 1945 жылдың қазан айында референдум өтіп, Францияның тағдырын құрылтай жиналысы шешетін болды. Францияда парламенттік сайлау өткеннен кейін коммунистік партия, халық-республикалық қозғалысы (жаңа партия), социалистік партиялар өздерінің фракцияларын құруға мүмкіндік алды. Үкіметке осы партиялардың өкілдері кіріп, жаңа конституцияның жобасын жазған да солар. 1946 жылы Францияның жаңа Конституциясы қабылданды. Ол преамбула ретінде 1789 жылғы Адам және азаматтарға жалпы құқық декларациясын алды. Бұл Конституция Францияда парламенттік республикасының режимін бекітті. Конституцияда еңбек ету, дем алу, кәсіподақтар құру, ереуілдер өткізу құқығы, жұмысшылардың кәсіпорындарды басқаруға қатысу құқығы жарияланған еді. Конституция шеңберінде терең саяси-экономикалық қайта құрулар жүргізу мүмкіндігі туды. Саяси жағдай төртінші республика кезінде тұрақты бола алған жоқ: бұл республика тұсында 25 кабинет өзгерді.

1958 жылғы мамыр айында Алжирде реакцияшыл офицерлер бүлігі бұрқ ете түсті. Бүлікшілер Францияда "күшті өкімет" орнатуды талап етті. 1946 жылғы Конституцияның қарсы топтары қозғалысқа келді. Демократиялық қозғалыстың жаңадан өрлеу перспективаларынан үрейленген қаржы олигархиясы Төртінші республика тәртібін жоюға бел байлады. 1958 жылы 1 маусымда Ұлттық Жиналыс өкіметті генерал де Голльдің қолына берді де, үш айдың ішінде Францияның жаңа Конституциясы жазылып, референдум оны бекітті. Сол жылдың қазан айында Бесінші республиканың Конституциясы күшіне енді. Бұл Конституция бойынша республиканың бірінші басшысы де Голль еді. Ол екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Францияның фашистерге қарсы ұйымдасқан қозғалысын басқарған белгілі адам. Төртінші республиканың саяси режимі өте тұрақсыз еді, мемлекеттік

институттардың көбі дискредитацияға ұшырады. Францияда азаматтық соғыс басталады деген қауіп туды. Осы қалыптасқан жағдайда мемлекетті күшті адам басқаруға тиісті болды.

Жаңа Конституция бойынша парламенттің өкілдігіне шек қою есебінен президенттің құқығы кеңейтілді. Президент қарулы күштердің басшысы болды, премьер-министрді және басқа да жоғары мемлекеттік лауазымдарды тағайындауға, Ұлттық Жиналысты мерзімінен бұрын таратып жіберуге, ал төтенше жағдайда елдегі өкімет билігін бүтіндей өз қолына алуға ерікті болды. Халықаралық қатынастарда Францияның өкілі - президент. Атқару билігі премьер-министр мен үкіметтің қолында.

Францияға мажоритарлы өкілдік жүйе енгізілді. Парламент екі палатадан тұрады: Ұлттық Жиналыс және Сенат. Сессиясы жылына 170 күнге созылады. Конституциялық Кеңес 9 адамнан тұрады, олар 9 жылға сайланады. Қабылданған заңдардың, референдумның және өткізілген сайлаудың Конституцияға сәйкестігін бақылайды.

Бесінші республикада де Гольдің дара өкімет билігі орнықты. Бұл тәртіп, компартияның бағалауынша, монополияның ұлт өміріне үстемдік жасауының жинақталған көрінісі болды. Бесінші республика президенттің билігін күшейтті, Франция парламенттік республикадан президенттік республикаға айналды. Де Голль мемлекетте мықты арбитраз басқару процесін өткізу қиын деп санады. Президентті екі дәрежеде өтетін сайлаумен бекітті, алдынан халық сайлаушылардың алқасын бекітті, сол алқа президентті сайлады. 1962 жылдан президентті референдум сайлайтын болды. Президенттің парламентті тарата алатын құқығы бар. Президент өкіметгі тағайындайды, өкімет оның алдында жауапты. Президенттің заң шығару бастамасы, veto құқығы, заңды жариялау құқығы бар және керекті жағдайларда заңды Конституцияға сәйкестігін дәлелдеу үшін Конституциялық Кеңеске бере алатын.

Де Голль мемлекетті 1969 жылға дейін басқарды.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 1,4,9-15,19,20,22,25,30,33,56,59,65,70,77,94,104, 107,118,121,124,127, 140,144,146,148-152.

**Семинар – 1 сағат**

### **ЖОСПАР:**

1. III-IV ғасырлардағы республика кезеңіндегі Францияның мемлекеттік дамуы.
2. V республиканың құрылуы. 1985 ж. Конституция, оның ерекшеліктері.
3. Германиядағы фашистік диктатураның орнауы және оның себептері. Фашистік саяси режим, фашистік диктатураның механизмі.

**Тапсырма:** Тақырып бойынша қарастырылған әдебиеттерді пайдалана отырып жоғарыда көрсетілген семинар сұрақтарына ауызша дайындалу.

### ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫС:

Семинар сабағына дайындалу барысында аса көңіл бөлетін жай Англия мен Францияның қазіргі уақыттағы буржуазиялық мемлекетінің дамуына назар аударған жөн. Егер де Англияда кабинет үстемдігі жүргізілсе, ал онда Францияда алдыңғы қатарды Президент алады. 60-90 жылдардағы мемлекеттің саяси жүйесінің дамуын толық түрде қарастырыңыз.

Осы тақырыпты қарастырғанда қазіргі заманда «неофашизмнің» қайта құрылуымен сәйкес фашизмді оқып зерттеудің маңыздығы бар екенін еске алу керек.

Фашизмді куәландыратын реакциялық, шовинистік және шабуылдық топтар диктатурасы ретінде сипаттау керек. Ең нағыз түрінде фашизм Германияда орынға ие болады, бірақ оның отаны Италия болып табылады (1922). Курсанттар 1929-1933 жж. Дүние жүзілік экономикалық дағдарыс Германияның экономикалық және саяси ыдырауына келтіргенін меңгеруге тиісті. Таптық күрес жағдайларында фашистік партияның көсемі билікке жетеді.

Фашистік диктатураның режимін, террор механизмін зерттеу қажет. Фашистік диктатураның бас тірегі – жазалау органдары жүйесіне мән беру керек.

Екінші дүние жүзілік соғыс барысындағы фашизмнің күйреуі халықаралық сахнадағы күштер арақатынасының өзгертуіне жеткізгенін еске алу керек. ГФР құрылуы, 1949 ж. Бонн конституциясының негізгі белгілері.

Германияның бірігу мәселесін қарастырғанда оның бірігу себептері мен одан әрі дамуын зерттеу керек.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 1,4,9-15,19,20,22,25,30,33,56,59,65,70,77,94,104, 107,118,121,124,127, 140,144,146,148-152.

**КОӨЖ– 1 сағат**

1. Кестені толтыру.

<b>Мемлекет</b>	<b>Төмендегі мемлекеттердің Конституцияларының мазмұнын жазу</b>
АҚШ	
Англия	
V республика кезеңіндегі Франция	
1949ж. конституция бойынша Германия	
1947ж. конституция бойынша Жапония	

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Жазбаша және ауызша, курсанттардың толтырған кестесінің оқытушымен бағалануы.

**Әдістемелік нұсқау:** Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана, жоғарыда көрсетілген мемлекеттердің конституцияларын зерделей отырып кестені толтыру және конституциялардың мазмұнын ауызша айту. Курсанттар ХХ ғ. шетелдердің мемлекеттік-құқықтық дамуын (Англия, Франция, Германия) жетік білгендері дұрыс.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 1,4,9-15,19,20,22,25,30,33,56,59,65,70,77,94,104, 107,118,121,124,127, 140,144,146,148-152.

**Тәжірибелік – 1 сағат**

1. Кестені толтыру.

Мемлекет	Атқарушы органдар және олардың құзыреті	Заң шығарушы органдар және олардың құзыреті	Сот органдары және олардың құзыреті
АҚШ			
Англия			
V республика кезеңіндегі Франция			
1949ж. конституция бойынша Германия			
1947ж. конституция бойынша Жапония			

**Тәжірибелік сабақ өткізу нысаны:** Жазбаша және ауызша, курсанттардың толтырған кестесінің оқытушымен бағалануы.

**Әдістемелік нұсқау:** Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана, жоғарыда көрсетілген мемлекеттердің конституцияларына сай билік тармақтарын зерделей отырып кестені толтыру және конституциялардың мазмұнын ауызша айту. Курсанттар ХХ ғ. шетелдердің мемлекеттік-құқықтық дамуын (Англия, Франция, Германия) жетік білгендері дұрыс.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 1,4,9-15,19,20,22,25,30,33,56,59,65,70,77,94,104, 107,118,121,124,127, 140,144,146,148-152.

**КӨЖ – 3 сағат**

### **ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР**

1. Италия, Германиядағы фашистік режимнің орнау себептерін жазу.
2. 1949 ж. Бонн конституциясын зерделеу, мемлекеттік аппаратына сызба құрастыру.
3. Рефераттар әзірлеу:
  - Ұлыбританияның сот жүйесі.
  - Қазіргі уақыттағы неофашизмнің пайда болу себептері және жағдайы.
  - 1945 ж. Германияның соғыс аяқталғаннан кейінгі құрылысы туарлы Потсдам келісімі.
  - 1949 ж. Бонн конституциясы.
  - ГДР мен ФРГ құрылуының себептері, жағдайы және салдары.

### **Өзіндік бақылау материалдары**

1. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы.
2. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы.
3. Төртінші республика кезеңінде француз конституциясы қашан қабылданды?
4. 1946 ж. конституция бойынша Франциядағы басқару нысаны.
5. 1946 ж. конституция бойынша Франция президентінің өкілеттік мерзімі?
6. 1946ж. конституция бойынша Францияның министрлер кеңесін кім басқарды?
7. Францияда заңшығарушылық аясында Парламент палаталарының теңқұқылығы қашан орнады?
8. 1919 ж. Германияның конституциясы бойынша басқару нысаны?
9. Веймарлық конституцияның авторы?
10. 1919 ж. Германияның конституциясы бойынша мемлекет басшысы кім?

**Ұсынылған әдебиеттер:** 1,4,9-15,19,20,22,25,30,33,56,59,65,70,77,94,104, 107,118,121,124,127, 140,144,146,148-152.

### **14 ТАҚЫРЫП**

### **ЖАҢА УАҚЫТТАҒЫ АҚШ-НЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУЫ**

**Семинар – 1 сағат**

#### **ЖОСПАР:**

1. Ф.Р.Рузвельттің «жаңа бағыты».
2. Қазіргі уақыттағы заң актілері.
3. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі АҚШ-ның саяси режимі. Жазалау органдарының күшейуі.

**Тапсырма:** Тақырып бойынша қарастырылған әдебиеттерді пайдалана отырып жоғарыда көрсетілген семинар сұрақтарына ауызша дайындалу.



## **ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫС:**

АҚШ мемлекетінің тарихын оқи бастағанда, алдымен қазіргі замандағы буржуазиялық мемлекет дамуындағы негізгі бағыттарды қарастыру керек.

Мемлекет дамуындағы мемлекеттік биліктің ортақтандырылуы, президенттік биліктің күшейуі, экономикаға мемлекеттік қол сұғудың күшейуі сияқты өте маңызды тенденцияларды қарастыру керек.

Бірінші сұрақты дайындағанда 1929 ж. экономикалық дағдарысты және ауыл шаруашылық өнеркәсіптік, банк пен әлеуметтік саладағы президент Рузвельттің реформаларын қарастыру қажет. «Жаңа бағытының» маңызы.

Екінші сұрақ бойынша антидемократиялық және антикоммунистік заңдарға назар аудару керек. (1947 ж. Тафт-Хартли заңы, 1935 ж. Вагнер заңы, 1950 ж. Маккарен – вуд заңы) милитаризация бағытын қарастыру керек.

Үшінші сұрақ бойынша жаңа уақыттағы президенттік биліктің эволюциясын қарастыру қажет. Трумэннің үкіметінің стратегиясына, Джон Кеннедидің (1960-1963), Линдон Джонсонның (1963-1969), Никольсонның (1969-1974), Рейганның (1981-1989), Клинтонның 1990 жылдар, Джордж Буштың (2000-2008) саясаттарына көз жүгірту қажет.

XX ғасырдың 50-80 жылдардағы саяси режимнің өзгерістеріне назар аудару керек. Милитаризация секілді тенденцияны қарастыру қажет.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 3,8,11-22,24,28,39,41,54,60,61,79,80,83,98,106, 128,129, 141,146-152.

### **КОӨЖ – 1 сағат**

1. Ф.Рузвельттің «Жаңа бағытын» зерделеу, оның негізгі ережелерін жазу.
2. 1935ж. Вагнер заңын конспектілеу.
3. 1947ж.Тафта-Хартли заңын конспектілеу.
4. 1950ж. Маккарена-Вуда заңын конспектілеу.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Жазбаша және ауызша, курсанттардың жазбаша жұмысының оқытушымен бағалануы.

**Әдістемелік нұсқау:** Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана, жоғарыда көрсетілген нормативтік актілерді зерделей отырып конспек жазу және ауызша айту. Курсанттар жаңа уақыттағы АҚШ-ның мемлекеттік-құқықтық дамуы жетік білгендері дұрыс.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 3,8,11-22,24,28,39,41,54,60,61,79,80,83,98,106, 128,129, 141,146-152.

## ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР

Баяндамалар әзірлеу:

- Ф.Рузвельттің «Жаңа бағыты».
- 1935ж. Вагнер заңын.
- 1947ж. Тафта-Хартли заңын.
- 1950ж. Маккарена-Вуда заңын.

### Өзіндік бақылау материалдары

1. Америка президенті Ф.Р.Рузвельттің «жаңа бағыты».
2. Қазіргі замандағы АҚШ-тың мемлекеттік-құқықтық дамуы.
3. ХІХ ғ. АҚШ-тың мемлекеттік-саяси дамуы.
4. 1776 ж. АҚШ-тың Тәуелсіздік Декларациясы.
5. 1787 ж. АҚШ Конституциясы.
6. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі АҚШ-тың саяси режимі.
7. АҚШ-тағы президенттік биліктің эволюциясы.
8. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі АҚШ-тағы жазалау органдарының күшейуі.
9. Америка президенті Джордж Буштың (2000-2008) саясаттары.
10. Америка президенті Ф.Р.Рузвельт үкіметінің стратегиясы.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 3,8,11-22,24,28,39,41,54,60,61,79,80,83,98,106, 128,129, 141,146-152.

## 15-ТАҚЫРЫП

### ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ШЫҒЫС ЕУРОПА ЖӘНЕ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ. ҚАЗІРГІ УАҚЫТТАҒЫ ҚҰҚЫҚТАҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Семинар – 1 сағат

#### ЖОСПАР:

1. Шығыс Еуропа және Азия елдеріндегі халықтық-демократиялық биліктің орнатылуы. 1989-1990 жж. демократиялық революциялар.
2. 20 ғасырдың басындағы Жапонияның дамуының негізгі тенденциялары. 1947 ж. Конституция. Мемлекеттік құрылыстағы негізгі өзгерістер.
3. ҚХР-ның құрылуы. 1954 ж. Конституция. Мао Цзэдунның, Дэн Сяопиннің басқару ерекшеліктері.
4. Отаршыл жүйенің күйреуі.

**Тапсырма:** Тақырып бойынша қарастырылған әдебиеттерді пайдалана отырып жогарыда көрсетілген семинар сұрақтарына ауызша дайындалу.

### ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫС:

Бірінші сұрақта курсанттар 1989-90 ж.ж. қандай саяси үрдістер болғандығын білулері қажет. 1989-1990 ж.ж. демократиялық революциялар және олардың нәтижесі - Шығыс Еуропа және Азия елдеріндегі халық-демократиялық билігінің орнауы.

Екінші сұрақта 20 ғасырдың басындағы Жапонияның дамуының негізгі бағытын білу қажет: Екі дүниежүзілік соғыс аралығы кезіндегі Жапонияның мемлекеттік-құқықтық дамуы. Ел басқарудағы күш жұмсау әдістерінің либерализм әдістерімен бірге үйлесуі. 1919 және 1925 ж.ж. сайлау реформалары. Жапониядағы әскери-монархиялық диктатура. Экономикалық потенциал мен әскери-өнеркәсіптік кешенді арттыруы. Жапонияның 1931-1936ж.ж. Қытайды әскермен басып алуы. Екінші дүниежүзілік соғыс алдында мемлекеттік құрылыстың фашистендірілуі. Жапон фашизмінің ерекшеліктері. «Жаңа саяси құрылым». «Жаңа экономикалық құрылым». «Еңбектің жаңа құрылымы». Мемлекетті басқарудағы қарулы күштердің рөлі. II дүниежүзілік соғыстағы Жапонияны талқандау. 1947 жылғы Конституция. Мемлекеттік құрылыстағы өзгерістер. Император билігі. Парламент, министрлер кабинеті және олардың құзіреті. «Кері курс». 80-90ж.ж. Жапонияның экономикалық және әлеуметтік дамуы. Полиция органдарының дамуы. Полиция аппаратын ортақтандырудың күшеюі және полицияның өкілеттігін кеңейту.

Үшінші сұрақта Қытай халық республикасының құрылуын білу қажет. 1954 ж. конституция. Мао Цзэдун, Дэн Сяопин басқаруының ерекшеліктері.

Төртінші сұрақта отаршылдық жүйенің күйреу себептері мен салдарын білу.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 2,6,7,11-18,99,109,125,146-152.

### КОӨЖ – 1 сағат

1. Жаңа кезең құқығының негізгі салаларын зерделеу, кестені құрау:

Құқық салалары	Негізгі өзгерістер
Азаматтық құқық	
Еңбек құқығы	
Қылмыстық құқық	
Қылмыстық-іс жүргізу құқығы	

2. 1947ж. Жапония конституциясын зерделеу, мемлекеттік аппаратына сызба құрастыру

3. 1954ж. ҚХР конституциясын зерделеу, мемлекеттік аппаратына сызба құрастыру

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Жазбаша және ауызша, курсанттардың толтырған кестесінің оқытушымен бағалануы.

**Әдістемелік нұсқау:** Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана, жоғарыда көрсетілген нормативтік актілерді зерделей отырып кестені толтыру және нормативтік актілердің мазмұнын ауызша айту. Курсанттар қазіргі замандағы шығыс Еуропа және Азия мемлекеттерінің құқығындағы негізгі өзгерістерді жетік білгендері дұрыс.

**Ұсынылған әдебиеттер:** 2,6,7,11-18,99,109,125,146-152.

**Тәжірибелік – 1 сағат**

### **Іскерлік ойын "Іскерлік футбол"**

#### **Іскерлік ойын сценаріі:**

Ойынды бастамастан бұрын төрешілер бригадасын және топтардың құрамаларын белгілеу керек. Төрешілер бригадасы басты төрешіден және екі қосымша төрешіден құралады. Басты төреші қызметін оқытушы өзі атқарады және қосымша екі төрешіні тағайындайды. Ал топтардың құрамаларын белгілеу келесідей екі негізде жүзеге асырылады:

1. Взвод командирі және командир орынбасары іскерлік ойын барысында жаттықтырушы қызметін атқарады. Жаттықтырушылар өзара келісім арқылы кезек-кезек курсанттардан құрамаларын таңдай бастайды;

2. Екінші жағдайда құрамаларды анықтау жеңілірек. Взводта қанша қатар болса команда саны да сонша болады. Бұл жағдайда керісінше команда бірігіп өздерінің ішінен жаттықтырушыны таңдайды.

Команда құрамалары белгіленгеннен кейін жаттықтырушы әрқайсысы өздеріне ат таңдайды, мысалы "Қайрат", "Тұлпар" және сол сияқты.

Іскерлік ойын басталар алдында жаттықтырушылар команда ойыншыларының рөлдерін бөледі. Негізгі құрам екі шабуылшыдан, екі қорғаушыдан және қақпашыдан құралады, ойын барысында бес рет ойыншы ауыстыруға болады. Шабуылшылардың мақсаты тақырып бойынша сауатты сұрақ қою арқылы гол соғу, ал қорғаушылар мен қақпашының мақсаты қарсы команда шабуылшыларының сұрақтарына жауап беріп қақпаға төнген қауыпты тойтару. Кез-келген сұраққа жауап беру уақыты 20 секунд. Іскерлік ойын барысында төрешілердің мақсаты:

1. Бас төреші - қойылған сұрақтардың сауатты, орынды және тақырыпқа сай болуын қадағалау. Сұрақ дұрыс қойылмаған жағдайда (шабуылшыны гол соғу мүмкіндігінен айыру) оны есептемеу;

2. Екінші төреші - сұрақ қойылған сәттен бастап 20 секунд уақытты өлшеу және басқа жақтан көмек берілмеуін қадағалау. Басқа жақтан көмек берілген жағдайда автоматты түрде қойылған сұрақты гол деп есептеу;

3. Үшінші төреші - статистикалық мәліметтерді жазып отырады, мыслы кім қанша гол салды және кім қанша гол қайтарды.

Искерлік ойын келесідей басталады. Бас төреші және команда жаттықтырушылары ортаға шығып футболдағыдай тиін тастау арқылы ойында кім бастайтындығын анықтайды. Допты иеленген топ (ойынды бастайтын) өзінің шабуылшыларын шығарады, ал қарсы команда қорғаушыларын және қақпашысын шығарады. Төрешінің ысқырығы шалынады бірінші оң жақ шабуылшы өз сұрағын қарсы команданың сол жақ қорғаушысына қояды. Сұраққа жауап 20 секунд ішінде берілмесе, сұрақ автоматты түрде келесі оң жақ қорғаушыға қойылады ол да жауап бере алмаса сұрақ қақпашыға қойылады, қақпашы дұрыс жауап бере алмаса гол есептеледі. Сол сияқты келесі шабуылшы өз сұрағын қояды. Бір шабуыл барысында шабуылдаушы команда екі гол сала алады. Ойын әр команданың бес шабуылынан кейін аяқталады. Есеп тең болған жағдайда қосымша тайм басталады, әр команда қосымша тағы бір-бір шабуылдан өткізеді, қосымша таймнан соң есеп әліде тең болса, ойыннан кейінгі пенальти орын алады. Пенальтиде әр команданың шабуылшылары кезек-кезек тікелей қақпашыға сұрақ қояды. Пенальти бірінші қателікке дейін жалғасады.

Искерлік ойын аяқалған соң, қорытынды жүргізіледі, жеңген команда ойыншыларына жақсы және өте жақсы деген баға қойылады. Үшінші төрешінің нәтижелерін тындап ең көп гол соққан ойыншыға және ең көп гол қайтарған қорғаушы мен қақпашыға өте жақсы бағасы қойылады.

*Тәжірибелік сабақ өткізу нысаны: Искерлік ойын. Ауызша сұрақ-жауап және пікірталас ретінде.*

*Ұсынылған әдебиеттер: 2,6,7,11-18,99,109,125,146-152.*

**КӨЖ – 3 сағат**

### **ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМАЛАР**

Рефераттар әзірлеу:

1. Шығыс Еуропа және Азия елдеріндегі халықтық-демократиялық биліктің орнатылуы.
2. 1989-1990 жж. демократиялық революциялар.
3. 20 ғасырдың басындағы Жапонияның дамуының негізгі тенденциялары.
4. 1947 ж. Конституция. Мемлекеттік құрылыстағы негізгі өзгерістер.
5. ҚХР-ның құрылуы. 1954 ж. Конституция. Мао Цзэдунның, Дэн Сяопиннің басқару ерекшеліктері.

### **Өзіндік бақылау материалдары**

1. Қытай халық республикасы қашан құрылды?
2. Қытайдағы 1911 жылғы революцияның басты нәтижесі.
3. Қытай коммунистік партиясының жетекшісі, 1930 жылы сайланған, Қытай революциялық аудандарының бірінші орталық үкіметінің басшысы.
4. Халық өкілдерінің жалпықытайлық жиналысы – бұл.

5. Қытайдағы «Мәдени революцияны» кім басқарды?
6. XX ғасырдағы «Қырғи-қабақ соғыс» не білесіз?
7. «Бархаттық революция» қай жердегі революция?
8. Жаңа заманның жаңа құқықтық салалары.
9. Жапонияның конституциясы қашан қабылданды?

*Ұсынылған әдебиеттер:* 2, 6, 7, 11-18,99,109,125,146-152.

## **2.10. ПӘНДІ ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ**

Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы дүниежүзілік мемлекеттілікке едәуір әсерін тигізген елдердің мемлекеті мен құқығының пайда болуын және дамуын зерттейді. Осы кезде жеке елдердің мемлекеті мен құқығы тарихының жалпы заңдылықтары және сонымен қатар ерекше белгілері қарастырылады. Олардың дамуын анықтаушы негізгі себепті-салдарлы байланыстары зерделенеді. Сондай-ақ аталған процесстердің барлық қиыншылығы мен қарама-қайшылығын көруге мүмкіндік беретін жағдайлар көздеп қана қоймай, сонымен бірге қазіргі мемлекеттілікті терең ұғынуға, сонымен қатар келешектегі оның дамуының негізгі жақтарын талдайды.

Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы жекелеген мемлекеттердің мемлекеттік-құқықтық институттарының тарихын төрт негізгі кезеңдерін хронологиялық тұрғыда зерделейді: Ежелгі дүниенің мемлекет және құқық тарихы, Орта ғасырдағы мемлекет және құқық тарихы, Жаңа уақыттағы мемлекет және құқық тарихы, Жаңа заманғы мемлекет және құқық тарихы. Осындай кезеңдеу әлемдік өркениет дамуының негізгі төрт дәуіріне сәйкес келеді. Оның ең негізгі маңыздысы мемлекет және құқық табылады. Қазіргі уақытта мемлекеттік және қоғамдық өмірдің көптеген аясында интеграциялық процесстер күшеюде. Бұл құқықтық салаға да қатысты болады. Әлемдік қауымдастық және мемлекеттер жалпы құқықтық принциптердің аса маңыздылығын таниды және жалпы алғанда түрлі құқықтық жүйелердің жақындасуын қолдайды. Ұлттық заңнамалардың даму тәжірибесін өзаралық қолдануға және зерделеуге, құқықтық ақпарат пен ғылыми идеялармен алмасуға мүдделілік артуда. Барлық дүниежүзілік елдерінде тарихи, салыстырмалы-құқықтық, салыстырмалы-тарихи әдістерді қолдануға негізделген құқықтық зерттеулер маңызды дамуға ие болуда. Олар мемлекеттердің және құқықтық жүйелердің дамуының тарихи заңдылығын анықтауға, ағымдағы ұлттық заңнамаларды жетілдіруге мақсатты. Осы зерттеулердің маңыздылығы құқықтанудың көптеген дәстүрлі мәселелерін шешуге бағытталып қана қоймай, сонымен қатар бірқатар жаңадан мәселелр қоя алатындығымен көрінісі табады.

Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы жекелеген елдердің мемлекеті мен құқығын олардың пайда болуы мен дамуы барысы кезіндегіні зерделейді және де олардың тарихи даму кезеңдеріндегі заңдылығын және жалпы

тарихи заңдылықтарын анықтайды. Бұрынғының мемлекеттік-құқықтық тәжірибесін жинақтайды.

Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы пәнінің ерекшелігі онымен қолданылатын жалпыфилософиялық және нақты-ғылыми әдістерді, сонымен бірге зерттеудің айла тәсілдерін дәйектейді. Ғылыми танымның мақсаты мен міндеттерін анықтайды. Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихының пәндік және әдістемелік ерекшелігінің анықталуы зерттеу принциптерінің, тәсілдерінің жиынтығы болып табылады. Осыдан барып өзінің мүмкіншіліктері бойынша көп шамада аталған заң пәнінің тарихи-құқықтық мазмұнына және профиліне сай келеді.

Тарихилық принципі мемлекет және құқық пайда болуы мен дамуын зерделеу барысында тарихи ретроспектива мен келешекте маңызды рөл атқарады. Ол белгілі бір кезеңнің мемлекеті мен құқығының түрлерін және нақты-тарихи типін зерттеу негізінде болады. Шетелдердің мемлекеті мен құқығының арасындағы байланысты ашуға, ал сонымен қатар олардың дамуындағы қисынды түсінуге, олардың мемлекеттік-құқықтық тәжірибесін салыстыруға көмектеседі.

Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы заң білімінің үзілмес бөлігі Мемлекет және құқық теориясымен, Қазақстан Республикасының мемлекеті және құқығымен қатар тарихи-теоретикалық пән болып табылады және базалық пәндердің міндетті компонентіне жатады.

Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы оқу пәні ретінде келесі қызмет атқарады:

1. Ғылыми-танымдық;
2. Тәжірибелік-пәндік;
3. Оқу-тәрбиелік.

## **2.11. РЕФЕРАТ ЖҰМЫСТАРЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ ПЕН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ**

*Рефератты орындау және рәсімдеу үшін қажетті әдістемелік нұсқау: Рефераттың көлемі 10 беттен кем болмауы керек. Ол титулдан, жоспары мен негізгі бөлімнен және әдебиеттер тізімінен тұрады. Мәтін алынған әдебиеттерге сілтемелер сілтеме жасалған беттің төменгі жағында 14 кегл көлеміндегі шрифте жазылады. Беттің параметрлері: жоғары және төменгі – 2 см; сол жақ- 3 см; оң жақ – 1,5 см; қызыл жол 0,8 см. Колонтитул жоғарғы және төменгі – 1,25 см. Жол арасындағы интервал – 1,5. Курсанттарға реферат тақырыптары бір-біреуден таратылуы тиіс. Рефератты жазу үшін ең алдымен деректер мен оқулықтарды мұқият оқып шығу қажет. Рефератты теориялық ойлармен және тақырыпқа байланысты дәуір мен мемлекет және құқық туралы жалпы мәліметтерден таныстырудан бастаған жөн. Содан кейін тақырыпты ғылыми тұрғыда негіздеп жазу үшін құқықтық деректерге талдау жасап, қалыптасқан механизмді сұрыптап, мәселеге байланысты өзіндік анализ, тұжырым жасау керек.*

## РЕФЕРАТ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

1. Ежелгі Египет мемлекетінің және құқығының пайда болуы мен дамуы.
2. Ежелгі Үндістан мемлекетінің және құқығының пайда болуы мен дамуы.
3. Ману заңдары. (Ежелгі Үндістан).
4. Афина мемлекетінің даму ерекшеліктері.
5. Спарта мемлекетінің даму ерекшеліктері.
6. Ежелгі Римдегі мемлекеттің пайда болуы.
7. «Каролина» - Германияның феодалдық құқығы.
8. Франциядағы абсолютизмнің пайда болуы мен дамуы.
9. Ұлы Француз буржуазиялық революциясы, оның негізгі кезеңдері.
10. 1787 ж. АҚШ Конституциясы және 1791ж. құқықтар туралы Билль.
11. Континенттік құқық жүйесі және оның ерекшеліктері.
12. 1804 ж. Наполеонның Азаматтық Кодексі және оның азаматтық құқықтың дамуына тигізген әсері.
13. 1900 ж. Герман азаматтық жинағы.
14. 1810 ж. Францияның қылмыстық кодексі.
15. Жапониядағы буржуазиялық революция. 1889 ж. Конституция.
16. ГДР мен ГФР бірігу механизмі мен принциптері.
17. АҚШ-ы полициясының даму тарихы. (Анықтама федералдық бюросы ФБР).
18. Қазіргі заманғы құқығындағы негізгі өзгерістер.
19. Тәуелсіз мемлекеттің – Үндістанның пайда болуы.
20. Отаршылдық жүйенің күйреу себептері және тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы.
21. Қазіргі заманғы Қытайдың мемлекеттік-құқықтық дамуы.
22. Шетелдердің құқық қорғау органдары.
23. V-ші республика кезеңіндегі Франция.
24. II дүниежүзілік соғыстың Батыс Еуропа мен АҚШ мемлекеттері мен құқығына келтірген әсері мен енгізген өзгерістері.
25. II дүниежүзілік соғыстан кейінгі Шығыс Еуропа мен Азия мемлекеттері мен құқығындағы өзгерістер

## 2.12. ӨЗІНДІК БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

### 1. «Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы» пәндік курсы:

- а) барлық қоғам дамуының заңдылығын зерделеу;
- б) белгілі бір тарихи жағдайдағы хронологиялық салдарларынның пайда болуы мен дамуы үрдісінде жекелеген елдердің мемлекеті мен құқығын зерделеу;
- в) тарихи кездейсоқ оқиғаларсыз оқшауланған тарихи үрдіс шеңберінде мемлекет пен құқықтық зерделеу;
- г) қоғам өмірінің сол немесе өзге де жақтарын реттейтін, құқықтық нормаларды зерделеу;
- д) мемлекеттің пайда болуын зерделеу болып табылады.



**2. Мемлекеттің алғаш пайда болған, территориясын атаңыз:**

- а) Батыс Еуропа;
- б) Бастапқы Азия және Солтүстік-шығыс Африка;
- в) Қытай;
- г) Шығыс Еуропа;
- д) Орта Азия.

**3. Шығыс деспотия сипаты:**

- а) сайланбалы билік;
- б) абыздық кеңеспен шектелген билік;
- в) мұрагерлік билік және құдай деп таныған басқарушының жеке тұлғасы;
- г) барлық билік басқарушының жақын туыстарына тиесілі;
- д) құлдық еңбектің болуы.

**4. Ертедегі шығыс мемлекеттердегі басқарудың тұрпатты нысаны -**

- а) республика;
- б) конституциялық монархия;
- в) шығыс деспотия түріндегі монархия;
- г) империя;
- д) абсолюттік монархия.

**5. Ертедегі қылмыстық құқықта талион қағидасы - бұл**

- а) қайта тәрбиелеу;
- б) қорқыту;
- в) шығын орнын толтыру (жаза);
- г) құдайға жалыну;
- д) өлім жазасы.

**6. Ману заңдарының мазмұны неге негізделді?**

- а) сот шешімдерінің жазбаларына;
- б) діни нормаларға;
- в) әдет-ғұрыпқа;
- г) Ману заңдарына;
- д) мінез-құлық нормаларына.

**7. Ертедегі Вавилон құқығының ескерткіштерін атаңыз:**

- а) авилум мен мушкенумға арналған заңдар;
- б) Хаммурапи патша заңдары;
- в) X11 таблица заңдары;
- г) Ману заңдары;
- д) «Заңдар кітабы».

**8. Ертедегі Үндістан құқығының ескерткіштерін атаңыз:**

- а) брахман мен кшатрилер, вайш пен шудраларға арналған заңдар;
- б) Хаммурапи патша заңдары;
- в) X11 таблица заңдары;
- г) Ману заңдары;
- д) «Заңдар кітабы».

**9. Спартадағы мемлекеттік органдар-**

- а) Герусия, аппела, Эфора;
- б) ареопаг и релиэя;
- в) халықтық жиналыс;
- г) екі патша және 28 геронт;
- д) эфора.

**10. Спартадағы құқықтық ескеркішті:**

- а) Ликург ретрлар (келісім-шарттар);
- б) Хаммурапи патша заңдары;
- в) X11 таблица заңдары;
- г) Ману заңдары;
- д) «Заңдар кітабы».

**11. Римдегі республика кезеңі -**

- а) б.э.д. 753 – 509ж.ж.;
- б) б.э.д. 509 – 27ж.ж.;
- в) б.э.д. 27ж. – б.э. 476ж.;
- г) б.э.д. 1 мың. – б.э. 1ғ.;
- д) б.э.д. 27ж. – б.э. 284ж.

**12. Ертедегі Римдегі патрицилер – бұл**

- а) тайпалар;
- б) Римнің толыққұқылы тұрғындары;
- в) ауылдық қауымдар;
- г) Римге тәуелді тұрғындар;
- д) өмірлік құлдық түрі.

**13. Ертедегі Римдегі перегриндер - ...**

- а) Римнің жергілікті тұрғындары;
- б) Рим жерін жаулап алған тұрғындар;
- в) еркін қауым;
- г) толық құқылы тұрғындар;
- д) еркіндіке жіберілгендер.

**14. Сервий Туллийдің реформасы ...**

- а) барлық халықты біріктірді;
- б) сисахфия жүргізді;
- в) ареопаг және гелиэ құрды;
- г) Римді 4 округтік трибтерге бөлді;
- д) әскери реформа жасады.

**15. Экстраординарлық диктатордың өкілеттік мерзімі -**

- а) бір жыл;
- б) мерзімін анықтаған жоқ;
- в) алты ай;
- г) бір ай;
- д) он жыл.

**16. Ертедегі Римдегі принципат -**

- а) мемлекеттік орган;
- б) лауазымды тұлға;
- в) шексіз монархия нысаны;
- г) Рим императоры;
- д) консулдық.

**17. Ертедегі Римдегі «Доминат» –**

- а) сословие;
- б) монархия нысаны;
- в) әділсот органы;
- г) басқару органы;
- д) құқықтың қайнар көзі.

**18. Феодалдық мемлекеттердің даму кезеңдерінің жүйелілігі:**

- а) Ертедегі феодалдық монархия – сеньориалдық – абсолюттік – сословиелік-өкілдік монархия;
- б) Ертедегі феодалдық – сеньориалдық – сословиелік - өкілдік – абсолюттік монархия;
- в) сословиелік-өкілдік – абсолюттік монархия;
- г) Ертедегі феодалдық бытыраңқы монархия, абсолюттік монархия;
- д) республика – монархия.

**19. Франктер мемлекетіндегі «Варварлық шындық» - бұл ...**

- а) Король құжаттары;
- б) заңгерлердің шығармасы;
- в) Судебник, судьялар үшін құрал;
- г) құқық оқулығы;
- д) әдет-ғұрып құқығы.

**20. Франциядағы абсолютизм ерекшелігі:**

- а) аяқталмаған абсолютизм;
- б) княздық, облыстық абсолютизм;
- в) аяқталған классикалық абсолютизм;
- г) әскери абсолютизм;
- д) ағартушы абсолютизм.

**21. Германиядағы абсолютизм ерекшелігі:**

- а) классикалық абсолютизм;
- б) аяқталмаған абсолютизм;
- в) княздық, облыстық абсолютизм;
- г) ағартушы абсолютизм;
- д) абсолютизм болған жоқ.

**22. Салистік Шындық бойынша жазаның негізгі түрі -**

- а) өлім жазасы;
- б) дене мүшесін зақымдаушылық;
- в) айыппұл;

- г) қауымнан қуу;
- д) адамның әлеуметтік мәртебесіне байланысты жазалау.

**23. Англиядағы абсолютизм ерекшелігі:**

- а) классикалық абсолютизм;
- б) аяқталмаған абсолютизм;
- в) княздық, облыстық;
- г) ағартушылық абсолютизм;
- д) абсолютизм болған жоқ.

**24. Вергельд - бұл ....**

- а) өлім жазасы;
- б) жаза түрі;
- в) кісі өлтіргені үшін айыппұл;
- г) қылмыс түрі;
- д) мемлекеттік орган.

**25. «Швабтық айна» қай елде қызмет етті?**

- а) Францияда;
- б) Франктер мемлекетінде;
- в) Англияда;
- г) Германияда;
- д) Ертедегі Римде.

**26. Фашизм – бұл**

- а) Италиядағы саяси партия;
- б) Италиялық антидемократиялық қозғалыс;
- в) саяси қозғалыс, мемлекетті басқарудың ерекше түрі;
- г) ұлтшылдық және нәсілшілдік;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

**27. 1958 ж. Францияның конституциясын өңдеуге кімге төтенше өкілеттік берілді.**

- а) Генерал Ш. де Голлге;
- б) Франция Парламентіне;
- в) Ұлттық жиналысқа;
- г) республика Кеңесіне;
- д) Француздік одақ Ассамблеясына.

**28. Имплементация – бұл**

- а) консолидированный (нығайтылған) актілерді шығару;
- б) президенттің лауазымдыққа отыруы туралы актісі;
- в) ішкі заңнамалар арқылы халықаралық құқықты жүзеге асыру;
- д) заң шығару;
- е) заңдарды қабылдау.

**29. АҚШ-дағы қандай жүйе қандайда-бір билік тармағының узурпаторлық (озбырлық) жасырын ниет мүмкіншілігін болдырмауға әрекет жасайды?**

- а) сайлау жүйесі;

- б) конституциялық қадағалау жүйесі;
- в) «ұстамдылық және тепе-теңдік» жүйесі;
- г) президенттің билікті 4 жыл мерзімге шектеуі;
- д) саяси партиялардың болуы.

**30. Ұлыбританияда полициялық жергілікті органдарды кім құрады?**

- а) графстованың басты констеблі;
- б) қалалық кеңес;
- в) жоғарғы сот;
- г) монарх;
- д) ішкі істер министрлігінің келісімімен монарх.

**Білім алушылардың білімін бағалау өлшемі**

Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау – академиялық кезең ішінде, кестеге сәйкес оқытушылардың аудиториялық және аудиториялардан тыс сабақтарда білім беру бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі тексеру.

Межелік бақылау (МБ1, МБ2) - білім алушылардың білімін бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағаннан кейін бақылау.

Курсанттарды пән бойынша қорытынды бақылауға жіберу үлгерімнің ағымдық бақылауының бағасынан (бұл ретте курсантта оқылған пәннің әрбір тақырыбы бойынша кемінде бір баға болуы тиіс) және аралық бақылаулардың бағасынан құралатын рұқсат рейтингісінің (РР) бағасы негізінде жүзеге асырылады.

$$(YAБ+MБ1+MБ2) : 3 = PP$$

Пән бойынша қорытынды баға (қорытынды баға) жіберу рейтингісінің бағасы (60%) және қорытынды бақылау (40%) (емтихан бағасы (E))) кіреді.

$$PP \times 60\% + E \times 40\% = \text{Қорытынды баға}$$

«А», «А-» («өте жақсы») – егер білім алушы барлық бағдарламалық материалды терең және мықты игерсе, оны толық, жеткілікті, сауатты және қисынды түрде баяндайды, тапсырманың түрін өзгерту кезінде жауаппен қиындатпайды, қойылған міндеттерді еркін орындайды, монографиялық материалдың білімін көрсетеді, қабылданған шешімдерді дұрыс негіздейді, практикалық жұмыстарды орындаудың жан-жақты дағдылары мен тәсілдерін біледі, материалды өз бетінше жалпылап, қателерге жол бермей баяндайалады;

«В+», «В», «В-», «С+» («жақсы») – егер білім алушы бағдарламалық материалды қатты білсе, оны сауатты және мәні бойынша баяндаса, сұраққа жауап беруде елеулі дәлсіздікті жібермесе, теориялық ережелерді дұрыс қолдана алады және практикалық тапсырмаларды орындау кезінде қажетті дағдыларды меңгерген;

«С», «С-», «D+», «D» («қанағаттанарлық») – егер білім алушы негізгі материалды ғана меңгерсе, дұрыс емес тұжырымдауға жол берсе, бағдарламалық материалды мазмұндаудағы реттілікті бұзса және практикалық тапсырмаларды орындауда қиындықтарға тап болса;

«F» («қанағаттанарлықсыз») – егер білім алушы бағдарламалық материалдың едәуір бөлігін білмесе.

### Дәстүрлі шкалаға ауыстырылған білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	<b>Өте жақсы</b>
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	<b>Жақсы</b>
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	<b>Қанағаттанарлық</b>
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D-	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	<b>Қанағаттанарлықсыз</b>

### 2.13. ПӘН БОЙЫНША ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ

1. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы пәні, әдістері және кезеңдері.
2. Мұсылман құқығының қалыптасуы және даму ерекшеліктері.
3. Қазіргі заманғы мемлекет және құқық эволюциясы.
4. Ежелгі шығыс құлиеленуші мемлекетінің пайда болуы мен дамуының ерекшеліктері.
5. Буржуазиялық революцияның саяси және экономикалық зардаптары.
6. XX ғ. Англияның мемлекеттік-саяси тарихының ерекшеліктері.
7. Ежелгі шығыс құлиеленуші мемлекеттерінің құқықтық сипаттамасы.
8. XVII ғ. ортасындағы буржуазиялық революция және Англиядағы буржуазиялық мемлекеттің пайда болуы.
9. XX ғ. Францияның саяси-құқықтық дамуы.
10. Ежелгі Вавилон құқығының даму ерекшеліктері (Хаммурапи судебнигі)

11. Конституциялық монархияның қалыптасуы. Мемлекеттік құрылыстың өзгеруі.
12. Жаңа уақыттағы Германияның дамуы.
13. Ману заңдары – Ежелгі Үндістан құқығының ескерткіші.
14. XVII ғ. аяғы және XVIII ғ. басы Англиядағы конституциялық актілер.
15. Герман фашизмінің ерекшеліктері. Фашистік диктатура.
16. Афинадағы мемлекеттің пайда болуы, Солон мен Клисфеннің реформалары.
17. XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. бірінші жартысындағы Англиядағы конституциялық монархияның қалыптасуы.
18. Америка президенті Ф.Р.Рузвельттің «жаңа бағыты».
19. Спартадағы мемлекеттік құрылыстың ерекшеліктері.
20. XIX ғ. Ағылшын парламентаризмінің қалыптасуы, сайлау реформасы.
21. АҚШ-тағы президенттік биліктің эволюциясы.
22. Афина қоғамының одан әрі демократияландырылуы, Эфиальта және Перикл реформалары. Б.э. У ғ. (ортасы).
23. Франциядағы буржуазиялық революцияның себептері. Революция кезеңдері. Париж Коммунасы.
24. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі АҚШ-тың саяси режимі.
25. Ежелгі гректер құқығы.
26. 1789 ж. адам және азамат құқықтары туралы декларация. 1793 ж. адам және азамат құқықтары туралы декларация.
27. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі АҚШ-тағы жазалау органдарының күшейуі.
28. Рим құлиеленушілік мемлекетінің пайда болуы және оның дамуының негізгі кезеңдері.
29. XVIII-XIX ғ.ғ. Франциядағы буржуазиялық мемлекеттің конституциялық актілері.
30. Америка президенті Ф.Р.Рузвельт үкіметінің стратегиясы.
31. Рим аристократиялық республикасы мен империясының мемлекеттік механизмі. Сервий Туллідің реформалары.
32. Германия империясының құрылуы. 1871 ж. Конституция.
33. Америка президенті Джордж Буштың (2000-2008) саясаттары.
34. Рим құлиеленушілік құқығы, қайнар көздері, институттары.
35. Жапониядағы буржуазиялық революция. 1889 ж. Конституция.
36. Қазіргі замандағы Шығыс Еуропа және Азиядағы халық демократиялар елдері. Отаршыл жүйенің күйреуі.
37. Рим құқығының дамуының негізгі кезеңдері және оның эволюциясы.
38. Герман одағынан Герман империясына көшу.
39. Шығыс Еуропа және Азия елдеріндегі халықтық-демократиялық биліктің орнатылуы. 1989-1990 жж. демократиялық революциялар.
40. Рим империясы кезеңіндегі мемлекеттік құрылыстың ерекшеліктері.
41. Орта ғасырда Қытайдағы құқықтың және мемлекеттің дамуы.

42. XX ғ. басындағы Жапонияның дамуының негізгі тенденциялары. 1947 ж. Конституция. Мемлекеттік құрылыстағы негізгі өзгерістер.
43. Рим империясы кезеңіндегі қылмыстық құқық, сот және процесс.
44. АҚШ-тағы буржуазиялық мемлекеттің пайда болуы
45. ҚХР-ның құрылуы. 1954 ж. Конституция. Мао Цзэдунның, Дэн Сяопиннің басқару ерекшеліктері.
46. Феодалдық мемлекеттің пайда болуы мен дамуының жалпы заңдылықтары және ерекшеліктері.
47. Америкадағы Англия колониясының тәуелсіздік үшін соғысы және АҚШ-тың құрылуы.
48. Шығыс Еуропа және Азия елдеріндегі отаршыл жүйенің күйреуі.
49. Франктердің мемлекеттік құрылысы, Карл Мартелдің реформасы.
50. 1787 ж. АҚШ Конституциясы.
51. Қазіргі заманғы құқықтағы негізгі өзгерістер.
52. Франциядағы (IX-XVII ғғ.) феодалдық мемлекет.
53. 1791 ж. құқықтар туралы Билль.
54. Қазіргі заманғы құқықтың жаңа салалары.
55. Англиядағы (IX-XVII ғғ.) феодалдық мемлекет дамуының ерекшеліктері.
56. 1861-1864 жж. Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы азаматтық соғыс және оның АҚШ-ның мемлекеттік-құқықтық дамуына тигізген ықпалы.
57. 1941-1945 ж.ж. КСРО-ның мемлекеттік жүйесіндегі өзгерістер.
58. Германиядағы феодалдық мемлекеттің дамуы. Герман ұлтының (IX-XVII ғғ.) қасиетті рим империясы.
59. 1776 ж. АҚШ-тың Тәуелсіздік Декларациясы.
60. Қазіргі замандағы шетелдер мемлекеті мен құқығы дамуының негізгі бағыттары.
61. Феодалдық құқықтың жалпы мазмұны. Құқықтың қайнар көздері.
62. 1781 ж. АҚШ-тағы «Конфедерация баптары».
63. КСРО басқарудың әмірлік-әкімшілік әдістерінің пайда болуы, заңдылықтарды бұзу (1930-1941ж.ж.).
64. Кононикалық құқық. Рим құқығының рецепциясы. Жалпы құқық.
65. 1791 ж. құқық туралы Билль – Конституциясының алғашқы 10 толықтырулары.
66. Қазіргі замандағы Жапонияның мемлекеттік-құқықтық дамуы.
67. «Салистік шындық» - ертефеодал құқығының мұрасы (қылмыс пен жазалар түрлері, сот процесі).
68. XIX ғ. АҚШ-тың мемлекеттік-саяси дамуы.
69. Қазіргі мұсылман елдерінің мемлекеттік-құқықтық дамуы.
70. 1532 ж. Каролина заңындағы қылмыс пен жаза, сот процесі.
71. Америкадағы Англия колониясының тәуелсіздік үшін соғысы.
72. Қазіргі замандағы Англияның мемлекеттік-құқықтық дамуы.
73. Англиядағы қанды заңдар.



74. АҚШ-тың құрылуы және құқығы.
75. Қазіргі замандағы Францияның мемлекеттік-құқықтық дамуы.
76. Араб халифатының пайда болуы мен дамуы.
77. Буржуазиялық құқықтың пайда болуы.
78. Қазіргі замандағы Қытайдың мемлекеттік-құқықтық дамуы.
79. Мұсылман құқығының даму ерекшеліктері және қайнар көздері.
80. Екі ұлттық – құқықтық жүйелер (англо-саксондық, романо-германдық).
81. Қазіргі замандағы АҚШ-тың мемлекеттік-құқықтық дамуы.
82. Мұсылман құқығы бойынша отбасы және меншік қатынасының ерекшеліктері.
83. Континенталдық құқық жүйесі және оның ерекшеліктері.
84. Қазіргі замандағы азаматтық құқықтағы негізгі өзгерістер.
85. Мұсылман құқығы бойынша қылмыс пен жаза.
86. Ағылшын-саксондық құқық жүйесінің ерекшеліктері.
87. КСРО-дағы отаршыл жүйенің күйреуі және тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы.
88. Ежелгі шығыс елдеріндегі феодалдық мемлекеттің даму ерекшеліктері.
89. 1804 ж. Азаматтық кодекс.
90. Қазіргі замандағы қылмыстық құқық дамуының бағыттары.

#### **2.14. ҚҰРАСТЫРҒАН:**

Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры К.Е. Дюсенов.